



**"Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 27 ақпандағы N 201 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 шілдедегі  
№ 1004 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.07.30 № 1004 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
**ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2008 жылғы 27 ақпандағы  
N 201 қаулысымен  
бекітілген

**"Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті 1. Қолданылу саласы**

1. Осы Техникалық регламенттің реттеу объектілері мыналар болып табылады:

- 1) балалардың күтіміне арналған бұйымдар;
- 2) ойыншықтар;
- 3) киім, тоқыма материалдардан, теріден, үлбірден жасалған тігін бұйымдары;
- 4) тоқыма бұйымдар;
- 5) дайын бөлек тоқыма бұйымдар;
- 6) аяқ киім, былғары-галантереялық бұйымдар;

- 7) балалар арбалары, велосипедтер;  
8) баспа (оқу, кітап, журнал) өнімдері, электронды оқу басылымдары;  
мектеп - жазу керек - жарақтары.

Балаларға арналған өнімдердің тізбесі мен оның қауіпсіздігіне қойылатын талаптар осы Техникалық регламенттің 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларда берілген.

2. Осы Техникалық регламент өнім түріне қарай оның тұтынушының өміріне немесе денсаулығы үшін: химиялық, биологиялық, механикалық, өрт, электрлік, термикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды белгілейді.

3. Осы Техникалық регламенттің қолданысы бұрын қолданылған немесе жеке тапсырыс бойынша жасалған өнімдерге, сондай-ақ:

1) дәрі-дәрмек құралдары саласындағы жекелеген Техникалық регламенттермен және медициналық мақсаттағы техника және бұйым қауіпсіздігімен талаптар белгіленетін медициналық мақсатта қолдану үшін әзірленіп, дайындалған өнімдерге;

2) балалар тамағы азық-түліктерінің қауіпсіздігі саласындағы жекелеген Техникалық регламентпен талаптар белгіленетін балалар тамағына арналған азық - түліктерге;

3) парфюмерлік-косметикалық өнімдер мен оны өндіру саласындағы жекелеген Техникалық регламентпен талаптар белгіленетін парфюмерлік-косметикалық тауарларға;

4) спорт жабдықтары мен мүккәмалын пайдалануға беру саласындағы жекелеген Техникалық регламентпен талаптар белгіленетін спорт бұйымдарына;

5) жиһаз өндіру және өнімдері саласындағы жекелеген Техникалық регламентпен талаптар белгіленетін жиһазға;

6) целлюлоза-қағаз өнеркәсібі өнімдерінің және оны өндіру процестерінің қауіпсіздігі саласындағы жекелеген Техникалық регламентпен талаптар белгіленетін целлюлоза-қағаздан өндірілген санитарлық-гигиеналық мақсаттағы өнімдерге (подгузниктер, балалар күтіміне арналған салфеткалар), мектеп дәптерлеріне қолданылмайды.

## **2. Терминдер мен анықтамалар**

4. Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) зиянды заттар - әдеттегі пайдалану кезінде бұйымның материалында рұқсат етілген концентрацияның артық болуынан тұтынушының денсаулық жағдайына теріс ықпал етуі мүмкін заттар;

2) биологиялық қауіпсіз басылым - оқу процесінде көру жұмысы үшін оңтайлы жағдай қамтамасыз етілетін, мәтінді көздің қабылдауымен, көздің өткірлігіне күш түсумен, аккомодациямен, көздің қозғалысымен байланысты көзді шаршатпайтын басылым;

3) биологиялық қауіптілік - дайын бұйымның дене қасиеті деңгейінің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуінің салдарынан баланың ағзасына кері ықпал етуі;

4) уыттылық индексі - жасуша дақылында *in vitro* анықтайтын жалпы өткір уыттылықтың интегралдық көрсеткіші;

5) механикалық қауіптілік - дайын бұйымның мөлшерсіздік, артық салмақ, төзімділіктің, тұрақтылықтың жеткіліксіз болуының немесе баланың денсаулығына зиян келтіру қаупін арттыратын бұйымның бетіндегі кедір-бұдырлардың салдарынан тұтынушыға кері ықпал етуі;

6) жаңа туған нәресте - қоса алғанда 28 күнге дейінгі жастағы бала;

7) химиялық қауіптілік - өнімде денсаулыққа зиянды, қауіпті химиялық заттардың концентрациясының шекті рұқсат етілген деңгейінен асуы.

### **3. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды жобалау кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары**

5. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды жобалау кезінде өнім мен бұйым жобасының осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет.

6. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды жобалау кезінде өмірлік циклінің барлық кезеңінде механикалық, химиялық, радиациялық, биологиялық, электрлік, өрт қауіпсіздігімен және балалардың адамгершілік-эмоционалдық салауаттылығымен байланысты барлық қауіптерді сәйкестендіруге тиіс.

7. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіптеріне жүргізілген бағалауды ескере отырып, өмірлік циклдің барлық кезеңінде балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпін жоюға немесе оны рұқсат етілген деңгейге дейін азайтуға (төмендетуге) арналған барлық шаралар кешені анықталуы тиіс.

8. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды жобалау кезінде жобалау құжаттамасы әзірленуге тиіс. Жобалау құжаттамасы жобаның техникалық сипаттамасын, балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың егжей-тегжейлі сызбаларын, пайдалану сипаттамаларын, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты және өзге де қажетті құжаттарды қамтиды.

### **4. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды өндіру кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары**

9. Өндіру кезінде балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды дайындау процесінің жобалау құжаттамасының, осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет.

10. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды өндіру кезінде өндіруші жобалау құжаттамасында анықталған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі барлық шаралар кешенін орындауға міндетті.

11. Өндіруші кәсіпорында қабылданған технологиялық процестердің, бақылау жүйесінің, кәсіпорында қолданыстағы сапа менеджменті жүйесінің барлық кешенін ескере отырып, жобалау құжаттамасында көзделген балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз етуге талдау жүргізуі тиіс.

12. Өндіру кезінде қауіпсіздік байланысты болатын барлық технологиялық операциялардың орындалуын бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

## **5. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды тасымалдау және сақтау кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары**

13. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды тасымалдау және сақтау олардың қауіпсіздігін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

## **6. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды нарықта орналастыру және айналымда болу кезінде қойылатын қауіпсіздік талаптары**

14. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар егер мақсаты бойынша п а й д а л а н у к е з і н д е о л а р :

адамның өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға қауіп төндірмесе ;

баланың адамгершілік-эмоционалдық салауаттылығын сақтаса; тұтынушыларды адастырмаса, Қазақстан Республикасының нарықта орналастырылуы мүмкін.

## **7. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды нарықтағы айналыстан шығару, оларды кәдеге жарату және жою талаптары**

15. Балалардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін немесе осы Техникалық регламенттің қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін балаларға арналған қауіпті өнімдер мен бұйымдар өндіру және айналдыру процестерінен шығаруға жатады.

16. Балаларға арналған қауіпті өнімдер мен бұйымдардың иесі осы Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздікті айқындаған сәттен бастап немесе балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органның ұйғарымының негізінде оны дереу өндіру және (немесе) айналдыру процестерінен шығаруға міндетті.

17. Егер балаларға арналған қауіпті өнімдер мен бұйымдардың иесі оларды өндіру және (немесе) айналдыру процестерінен шығару жөнінде шаралар қабылдамаса, мұндай өнім мен бұйым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес алынуға жатады.

18. Өндіру, айналу процестерінен шығарылған балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізілетін тиісті сараптауға жатады. Сараптама нәтижелері бойынша сәйкессіздік расталған кезде сәйкессіздікті жою туралы шешім қабылданады немесе қажет болғанда балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды кәдеге жарату немесе жою туралы шешім қабылданады.

19. Шыққан жері белгісіз және адамның өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіп төндіретін балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сараптама жүргізілмей алып қоюға және жоюға жатады.

20. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды жаңа атаумен одан әрі мақсаты бойынша пайдалану балаларға арналған қауіпті өнімдер мен бұйымдардың сәйкестігін растайтын сараптама нәтижелері бойынша балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тиісті мемлекеттік органдардың қорытындысын алғанда ғана мүмкін болады.

21. Балаларға арналған қауіпті өнімдер мен бұйымдарды сараптау, тасымалдау, кәдеге жарату немесе жою шығыстарын олардың иелері төлейді.

22. Кәдеге жаратуға, жоюға жауапты адамдар балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды пайдаланудан шығарудың және кәдеге жаратудың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз етуге тиіс.

23. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды пайдалануды тоқтатқаннан кейін оларды пайдаланудан шығару, кәдеге жарату, жою кезінде:

- 1) оларды рұқсатсыз пайдалануды болдырмау шаралары қабылдануы тиіс;
- 2) балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды кәдеге жаратудың, жоюдың барлық кезеңдерін жүргізетін қызметкердің қажетті біліктілігі болуы, тиісті оқудан өтуі және еңбек қауіпсіздігінің барлық талаптарын сақтауы тиіс.

## **8. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар қауіпсіздігінің жалпы талаптары**

24. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар егер оны тікелей мақсатына сәйкес пайдалану кезінде тұтынушының өміріне немесе денсаулығына зиян келтірмесе және өнімді тұтынушыны адастырмаса Қазақстан Республикасының аумағында айналымда бола алады.

25. Аса қауіпті, өте қауіпті зиянды заттар балаларға арналған өнімдер мен бұйымдарды дайындау үшін қолданылмауы тиіс.

Ауыр металдардың концентрациясы (қорғасын, мырыш, күшән, сынап, хром, кобальт, никель), зиянды химиялық заттарды бөліп шығарулары (формальдегид, фенол, бензол, стирол, винилхлорид және т.б.) осы Техникалық регламенттің 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларда белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

26. Судағы уыттылық индексі бұйымның түріне байланысты 70%-дан кем емес және 120%-дан артық емес, әуеде - 80%-дан кем емес және 120%-дан артық емес болуы тиіс.

## **9. Балалар күтіміне арналған бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

27. Балалар күтіміне арналған бұйымдар бала денсаулығына зиян келтіруді болдырмау үшін химиялық, механикалық, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тиіс.

28. Балалар күтіміне арналған бұйымдар қауіпсіздікті сипаттайтын көрсеткіштер бойынша осы Техникалық регламенттің 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларда келтірілген белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

## **10. Ойыншықтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

29. Баланың денсаулығына немесе өміріне зиян келтіруінің алдын алу үшін ойыншықтар бұйымның түріне қарай химиялық, механикалық, биологиялық, өрт, электр, термикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі тиіс.

30. Ойыншықтар психологиялық-педагогикалық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуге тиіс.

Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық талаптарға сәйкес келмейді деп тануға психологиялық-педагогикалық сараптаманың қорытындысы негіз болады.

31. Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін көрсеткіштер бойынша ойыншықтар осы Техникалық регламенттің 2-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

## **11. Тоқыма материалдардан, былғарыдан, үлбірден жасалған киімдердің, тігін бұйымдарының; трикотаж**

## **бұйымдардың, дайын бөлек тоқыма бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

32. Тоқыма материалдардан, былғарыдан, үлбірден жасалған киімдердің, тігін бұйымдарының; трикотаж бұйымдардың, дайын бөлек тоқыма бұйымдарының қауіпсіздігі өнімнің түріне және пайдаланушының жасына қарай белгіленген химиялық және физикалық-химиялық қасиеттердің (баяудың орнықтылығы, ылғал сорғыштығы, ауа өткізгіштігі) көрсеткіштер кешенімен сипатталады.

33. Тоқыма материалдар, былғарыдан, үлбірден жасалған киімдер, тігін бұйымдары; трикотаж бұйымдар, дайын бөлек тоқыма бұйымдары олардың қауіпсіздік көрсеткіштерін сипаттайтын көрсеткіштер бойынша осы Техникалық регламенттің 3-қосымша талаптарына сәйкес келуге тиіс.

## **12. Аяқ киім, былғары-галантерея бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

34. Аяқ киімнің қауіпсіздігі бояғыш заттардың химиялық орнықтылығымен, зиянды химиялық заттарды бөлу концентрациясымен, механикалық қасиеттердің кешенімен (беріктігі, икемділігі, өзгеруі) бағаланады.

35. Олардың қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер бойынша аяқ-киім, былғары-галантерея бұйымдары 4-қосымша талаптарына сәйкес келуге тиіс.

## **13. Арбалардың, велосипедтердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

36. Арбалар, велосипедтер олардың арналуына сәйкес бұйымдарды пайдалану кезінде пайдаланушылар үшін қауіпсіз болуға тиіс.

37. Арбалар, велосипедтер қауіпсіздік бойынша осы Техникалық регламенттің 5-қосымшада берілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

## **14. Баспа (оқу, кітап, журнал) өнімдерінің, электронды оқулық басылымдарының; мектеп-жазу керек-жарақтарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар**

38. Баспа өнімдері, электронды оқу басылымдары, мектеп-жазу керек-жарақтары денсаулық үшін қауіпсіз материалдардан дайындалуға тиіс.

39. Басылымның биологиялық қауіпсіздігі балалардың көру органдарының физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес басылымның түріне, бір мезгілде мәтінді оқу көлеміне және пайдаланушының жасына қарай қаріптік ресімдеу өлшемдерімен және мәтіндерді ресімдеу тәсілдерімен айқындалады.

40. Баспа (оқу, кітап, журнал) өнімдерінің, электронды оқу құралдарының, мектеп-жазу керек-жарақтарының биологиялық, химиялық қауіпсіздігі бойынша талаптар осы Техникалық регламенттің 6-қосымшада келтірілген.

## **15. Өнімнің нарықтағы айналу шарттары мен оларды таңбалау**

41. Өнімнің нарықта айналысының қажетті шарты осы Техникалық регламентпен белгіленген талаптарға сәйкестік болып табылады.

42. Тұтынушыларды өнім қауіпсіздігіне қатысты адастыратын іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында сатып алушыларға және (немесе) тұтынушыларға өнім туралы толық және дұрыс ақпаратты таңбалау (сәйкес ақпарат бұйымға ілінетін заттаңбаға, бұйым орамасына, бұйым топтамасының орамасына түсіру немесе өнімге салма-парақ) жолымен жеткізеді.

Таңбалау дұрыс, тексерілетін, оқылатын болуы керек.

43. Таңбалау мынадай міндетті ақпаратты қамтуға тиіс:

- 1) өнім дайындалған ел;
- 2) дайындаушының (сатушының немесе шетелдік дайындаушының уәкілетті өкілінің) фирмалық атауы;
- 3) дайындаушының, сатушының немесе шетелдік дайындаушының уәкілетті өкілінің мекенжайы;
- 4) бұйымның атауы және (немесе) негізгі арналуы;
- 5) нарыққа сәйкестік белгісі;
- 6) өнімнің (қажет жағдайда) жарамдылық белгісі;
- 7) егер нарық айналымына бұйымның партиясы ұсынылса, өнім партиясының нөмірі.

Ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде ұсынылуға тиіс.

Импорттық өнім үшін өнім дайындалған елді, дайындаушының фирмалық атауын, шетелдік дайындаушының мекенжайын латын әліпбиін пайдалана отырып белгілеуге рұқсат етіледі.

Пайдаланушыға арналған қосымша ақпарат: пайдалану жөніндегі нұсқаулық, өнімді пайдаланған кезде ерекше сақтық шаралары; бастапқы шикізаттың түрі мен салмақтық үлесі, күтіп ұстау тәсілдері және бұйымды дұрыс қолдану тәсілдері туралы мәлімет; бұйымның мөлшері, бұйым арналған пайдаланушының жасы немесе салмағы, және басқа да қажетті ақпарат - осы Техникалық регламенттің 1, 2, 3, 4, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес өнімнің түріне байланысты беріледі.

## **16. Өнімнің осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау**



44. Үйлестірілген стандарттарға сәйкесетін балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар, олардың өмірлік циклінің процестері осы Техникалық регламент талаптарына сәйкесетін деп есептеледі.

45. Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдардың осы Техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **17. Нарықтағы сәйкестік белгісі**

46. Осы Техникалық регламентте көзделген тәртіппен сәйкестігі осы Техникалық регламенттің талаптарымен расталған балаларға арналған өнім нарықтағы сәйкестік белгісімен таңбаланады.

47. Өнімді нарықтағы сәйкестік белгісімен таңбалауды сәйкестік туралы сертификаттың немесе декларацияның негізінде дайындаушы (сатушы) жүзеге асырады.

48. Өнімді нарықтағы сәйкестік белгісімен таңбалауды оның нақты бейнеленуін қамтамасыз ететін тәсілдермен жүзеге асыру керек. Белгінің бейнесі басып шығарумен, ойып, күйдірумен немесе басқа тәсілмен орындалуға тиіс.

## **18. Үйлестірілген стандарттар тізбесі**

Үйлестірілген стандарттар тізілімі мыналарды қамтиды:

1) "Балалар ойынына және ойыншықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" атты санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 3 желтоқсандағы N 838 бұйрығы;

2) "Жеңіл өнеркәсіптің балалар тауарларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" коммуналдық және балалар мен өспірімдердің гигиенасы жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ереже мен нормаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 18 тамыздағы N 631 бұйрығы;

3) ГОСТ ИСО 8124-2-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Тұтанғыштық";

4) ГОСТ 8124-3-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Бала денсаулығы үшін зиянды элементтердің бөлінуі";

5) ГОСТ 30782-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Жас мөлшерін графикалық шартты белгілеу";

6) ГОСТ 29152-91 "Балалар арбасына арналған қаптамалық жасанды былғары  
Жалпы техникалық шарттар";

7) ГОСТ 7474-88 "Әйелдер мен қыз балаларға арналған сыртқы тоқыма

б ұ й ы м д а р " ;

8) ГОСТ 26456.2-91 "Типтік дене пішіндері. Шөлке-шұлық бұйымдарын жобалауға арналған өлшемдік белгілер. Емшектегі, бөбекхана, мектеп жасына дейінгі ұл бала мен қыз бала дене пішіндері";

9) ГОСТ 26456.3-91 "Типтік дене пішіндері. Шөлке-шұлық бұйымдарын жобалауға арналған өлшемдік белгілер. Мектеп және жасөспірім жас шамасындағы ұл балалар мен бозбалалар дене пішіндері";

10) ГОСТ 26456-93 "Типтік дене пішіндері. Шөлке-шұлық бұйымдарын жобалауға арналған өлшемдік белгілер. Мектеп және жасөспірім жас шамасындағы қыздар мен бойжеткендер дене пішіндері";

11) ГОСТ 19245-93 "Балалар арбасы. Жалпы техникалық шарттар";

12) ГОСТ 19301.2-94 "Балалар жиһазы. Кереуеттердің атқарымдық өлшемдері "

13) ГОСТ 23380-83 "Оқушы мен оқытушы үстелдері. Сынау әдістері";

14) ГОСТ 23381-89 "Оқушы және бала орындықтары. Сынау әдістері";

15) ГОСТ 26682-85 "Мектеп жасына дейінгі мекемелерге арналған жиһаз.

А т қ а р ы м д ы қ ө л ш е м д е р " ;

16) ГОСТ ИСО 8124-2-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Тұтанғыштық";

17) ГОСТ ИСО 8124-3-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Бала денсаулығы үшін зиянды заттардың бөлінуі";

18) ГОСТ 25779-90 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен б а қ ы л а у ә д і с т е р і " ;

19) ГОСТ 30782-2001 "Ойыншықтар. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары мен сынау әдістері. Жас мөлшерін азаматтық шарттық белгілеу".

## 19. Өтпелі кезең

49. Осы Техникалық регламенттің қолданысқа енген сәтінен бастап Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттар оларды осы Техникалық регламентке сәйкес келтіргенге дейін осы Техникалық регламентке қайшы келмейтін бөлікте қолданылады.

" Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар "

техникалық регламентіне

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.16. N 13 Қаулысымен.

## Балалар күтіміне арналған өнімдердің тізбесі және бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар 1. Жалпы ережелер

1. Осы талаптар балалар күтіміне арналған өнімдердің мынадай топтарына қолданылады:

сүт емізіктері, жай емізік;  
санитарлық-гигиеналық, галантерея бұйымдары;  
ыдыс-аяқ, ас үй заттары;  
тіс щеткалары, қызыл иекке арналған массажерлар;  
бір жолғы пайдаланылатын санитарлық-гигиеналық бұйымдар.

2. Сулы (дистилденген) ортада айқындалатын өнімнің уыттылық индексі қосалғанда 70 %-ден 120 % аралығында, ауада - қосалғанда 80 %-нен 120 % аралығында болуға тиіс.

3. Балалар күтіміне арналған өнімдер тобының тізбесі, сипаттамасы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Өнім топтарының атауы	Бұйымның сипаттамасы. СЭҚ ТН бойынша коды
1	2
Емізіктер, жай емізіктер	Латекстен, резинадан немесе силиконнан жасалған сүт емізіктері, жай емізіктер 401490
Санитарлық-гигиеналық, галантерея бұйымдары	Балалар күтіміне арналған санитарлық-гигиеналық қалыптық және қалыптық емес резеңке бұйымдар 25 3720, 25 4520 Пластмассадан жасалған санитарлық-гигиеналық бұйымдар (ванналар, дәрет алу түбегі, шағын орындық және дәрет алуға арналған соған ұқсас баламалар); балаларға арналған галантерея бұйымдары 22 9310, 22 9320, 494226, 9 6 9 2 1 0 Санитарлық-гигиеналық бұйымдар (ванна, шылапшын және дәрет алуға арналған соған ұқсас баламалар); балаларға арналған металдан жасалған галантерея бұйымдары 14 8142, 14 8412, 14 8417, 494222, 96 9751, 96 9752, 96 9213
	пластмассадан, шыныдан, металдан, керамикадан (фарфор, жартылай фарфор,

Бдыс-аяқ, ас үй заттары	фаянс, шыны керамика, қыш) жасалған балалардың ыдыс-аяқ, ас үй заттары (кеселер, табақша, құты, тарелкалар, қасықтар, шанышқылар, бөтелкелер және тамақ өнімдеріне арналған басқа б а л а м а л а р ы ) 14 8140, 14 8220, 14 8310, 14 8330, 14 8410, 22 9390, 59 7000, 59 9100, 59 9200, 59 9400, 59 9600, 96 9769, 59 8730, 59 8611, 59 87 26
Тіс щеткалары, қызыл иекке арналған массажерлар және басқа да ұқсас бұйымдар	96 7717
Бір жолғы пайдаланылатын санитарлық-гигиеналық бұйымдар	Гель тәріздес, ылғал тартатын материалдардан жасалған көп қабатты бұйым: жаялықша, іш киімдер, жаялықтар; гигиеналық мақта таяқшалар (мұрынға, құлаққа арналған)

## **2. Сүт емізіктері, жай емізіктер; латекстен, резеңкеден немесе силиконнан жасалған санитарлық-гигиеналық бұйымдар**

4. Сүт емізіктер, жай емізіктердің сырты және ішкі беті тегіс болуға тиіс. Емізіктердің үстіңгі беті қайнаған дистилденген суда бес рет дезинфекциялағаннан кейін жабыспауға тиіс.

5. Жай емізікте қалқанша болуға тиіс. Баланың аузына емізіктің ену ұзындығы 35 мм-ден аспауға тиіс.

6. Жай емізіктегі кішкентай баллонның сақинамен қосылу беріктігі кемінде 40 Н болуға тиіс.

7. Емізікті ұстап тұратындар (таспа, тоқыма бау, шынжыр) баланың денсаулығы үшін қауіпсіз болуға тиіс, ең жоғары ұзындығы - 220 мм. Тоқыма бұйымдардың ылғалдың әсерінен беріктігі (түсінің өзгеруі және бояғыштың ауысуы) - кемінде эталонның сұр шәкілі бойынша кемінде 4 балл. Химиялық элементтердің өзгеріп отыратын бақылаудағы өлшемі материалдың түріне және шикізат құрамына қарай белгіленеді.

8. Сүт емізіктері, жай емізіктер жабық орамда сатылуға тиіс. Таңбалануы (орамдағы), бұйымды пайдалану және гигиеналық күтіп-ұстау жөнінде түсінікті оқылатын нұсқаулығы болуға тиіс.

9. Балалар күтіміне арналған санитарлық-гигиеналық бұйымдар бес есе залалсыздандыруға тұрақты болуы, сыртқы түрін сақтауы, жабыспауы тиіс. Жылытқыш түріндегі бұйым қымталған (суды өткізбеуі) болуы тиіс.

10. Бұйымдардың химиялық қауіпсіздігі зиянды химиялық заттардың

модельдік ортаға бөлінуімен сипатталады. Денсаулық үшін зиянды химиялық заттардың бөлінуі 2-кестеде көрсетілген нормалардан аспауы тиіс. Сулы сығындының рН өзгерісі + 1,0 аспауы тиіс.

2-кесте

Бұйымның атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Модельдік ортаға бөліну нормативі
1	2	3
Сүт емізіктері, құрғақ еміздіктер латексті, резеңке	Қорғасын, күшән	Рұқсат етілмейді
	Мырыш	1,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Антиоксидант (Агидол-2)	2,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	М-нитрозоаминдер (хлорлы метиленмен шайғындалу)	10,0 мкг/кг аспайды
	Н-нитрозқұраушы (жасанды шайыр шайғындысы)	200,0 мкг/кг аспайды
	Ц и м а т (диметилдитиокарбамат)	Рұқсат етілмейді
	Фтал ангидридi	0,2 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Фенол	0,05 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
Сүт емізіктері, силиконды құрғақ еміздіктер	Қорғасын, күшән	Рұқсат етілмейді
	Мырыш	1,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Антиоксидант (Агидол-2)	2,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Фенол	0,05 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Формальдегид	Рұқсат етілмейді
	Метил спирті	Рұқсат етілмейді
	Триметилсиланол	Рұқсат етілмейді
	Бутил спирті	Рұқсат етілмейді
Резеңкеден жасалған санитар-	Қорғасын	0,03 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Күшән	0,05 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Мырыш	1,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Фенол	0,05 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Формальдегид	0,1 мг/дм <sup>3</sup> аспайды

лық-гигиеналық бұйымдар	Антиоксиданттар	0,5 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Ыстықтай жабыстырылған жылдамдатқыштар: тиазол класы	0,4 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	тиурам класы	0,5 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	Пластификаторлар: дибутилфталат	0,2 мг/дм <sup>3</sup> аспайды
	диоктилфталат	2,0 мг/дм <sup>3</sup> аспайды

### 3. Пластмассадан жасалған ыдыс, асхана аспаптары

11. Бұйымның өткір жиектері (кесетін, шаншитын), шеті, егер бұл бұйымның қызметімен анықталмаса, болмауы тиіс. Тіреуіш бетінің үстінен арықшаның шығыңқы болуына рұқсат етілмейді.

12. Қорғағыш-көрнекі әшекейлі жабындылары сілекейге төзімді болып, ылғал сіңіретін болуы тиіс.

13. Тамақ өнімдерімен байланысқа арналған бұйым 1 % күкірт қышқылы және (60+5) °С температураға дейін қыздырылған сабынды-сілтілі ерітіндіге шыдамды болуы; сыртқы түрі мен бояуын сақтауы, (70+5) °С температурадағы сумен әсері кезінде бұзылмауы және шытынамауы тиіс.

14. Бөтелкелердің қақпағы және басқа да ұқсас бұйымдар олардың қымталғандығын қамтамасыз етуі, бөтелкеге тығыз киілуі және суды өткізбеуі тиіс. Бұйымның мықтылығы су толтырылған бұйым 120 см биіктіктен 5 рет құлағанда бұзылмауы, сызат түспеуі, сынбауы керек.

15. Тамақ өнімдерімен байланысқа арналған бұйымдардың иісі, дәмі, су соруымен түрінің өзгеруіне рұқсат етілмейді.

16. Бұйымдардың ұстағышы және әшекейлі әсемдеу элементтері мықты бекітілуі керек.

17. 3-кестеде көрсетілген өнімдердің химиялық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды, бақыланатын көрсеткіштерді дайын бұйым материалының түріне қатысты белгілейді.

3-кесте

Бұйым материалдарының атауы	Анықталынатын зиянды заттың атауы	Модельдік ортаға бөліну нормативі мг/дм <sup>3</sup> аспайды
1	2	3
	а-метилстирол	0,1
	акрилонитрил	рұқсат етілмейді
	бензальдегид	0,003

Акрилонитрилбутадиен -стирольді пластиктер (АБС-пластиктер)	Бензол	рұқсат етілмейді
	к с и л о л д а р (изомерлер қоспасы)	0,05
	Стирол	рұқсат етілмейді
	Толуол	0,5
	этилбензол	0,01
Полистирол және стирол полимерлестер	акрилонитрил	рұқсат етілмейді
	ацетальдегид	0,2
	Ацетон	0,1
	бензальдегид	0,003
	Бензол	рұқсат етілмейді
	к с и л о л д а р (изомерлер қоспасы)	0,05
	к у м о л (изопропилбензол)	0,1
	метилметакрилат	рұқсат етілмейді
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	метил спирт	рұқсат етілмейді
Полиолефиндер негізіндегі материалдар	Стирол	рұқсат етілмейді
	Толуол	0,5
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	этилбензол	0,01
	ацетальдегид	0,2
	ацетон	0,1
	гексан	0,1
	гептан	0,1
	изопропил спирті	0,1
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	изобутил спирті	рұқсат етілмейді
метил спирті	рұқсат етілмейді	
пропил спирті	0,1	
Формальдегид	рұқсат етілмейді	
Этилацетат	рұқсат етілмейді	
	Ацетальдегид	0,2

Винилацетат негізіндегі полимерлер	Винилацетат	рұқсат етілмейді
	Гексан	0,1
	Гептан	0,1
	Формальдегид	рұқсат етілмейді
Поливинилхлоридтер	Ацетальдегид	0,2
	Ацетон	0,1
	Бензол	рұқсат етілмейді
	Винилхлорид	рұқсат етілмейді
	Дибутилфталат	рұқсат етілмейді
	Диметилтерефталат	рұқсат етілмейді
	диметилфталат	рұқсат етілмейді
	дидодецилфталат	2,0
	диизододецилфталат	2,0
	диоктилфталат	2,0
	диэтилфталат	рұқсат етілмейді
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	изобутил спирті	рұқсат етілмейді
	изопропил спирті	0,1
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	пропил спирті	0,1
	толуол	0,5
	фенол	0,05
	мырыш	1,0
	калайы	2,0
Полиуретандар	ацетальдегид	0,2
	ацетон	0,1
	бензол	рұқсат етілмейді
	бутилацетат	0,1
	изопропил спирті	0,1
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	пропил спирті	0,1
	толуол	0,5
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	этилацетат	рұқсат етілмейді
	этиленгликоль	1,0
		бензол



Полиамидтер	гексаметилендиамин	рұқсат етілмейді
	Е-капролактam	0,5
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	фенол	0,05
Полиакрилат	акрилонитрил	рұқсат етілмейді
	бутилакрилат	0,01
	гексан	0,1
	гептан	0,1
	метилметакрилат	рұқсат етілмейді
	метилакрилат	0,02
Полиэфирлер негізіндегі материалдар	ацетальдегид	0,2
	ацетон	0,1
	метилацетат	рұқсат етілмейді
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	пропил спирті	0,1
	фенол	0,05
	формальдегид	рұқсат етілмейді
Полифениленсульфид	ацетальдегид	0,2
	дихлорбензол	0,002
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	фенол	0,05
	бор	рұқсат етілмейді
Полиэтилентерефталат (ПЭТФ) және тереф- талевті қышқыл негі- зінде полимерлестер	ацетальдегид	0,2
	ацетон	0,1
	диметилтерефталат	1,5
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	изобутил спирті	рұқсат етілмейді
	метил спирті	рұқсат етілмейді
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	этиленгликоль	1,0
Поликарбонат	дифенилолпропан	0,01
	метиленхлорид	7,5
	фенол	0,05
	хлорбензол	0,02
	ацетальдегид	0,2
	фенол	0,05

Ренопластар және минопластар		формальдегид	рұқсат етілмейді
		ацетальдегид	0,2
Эпоксидті негізінде материалдар	шайыр полимер	ацетальдегид	0,2
		дифенилолпропан	0,01
		фенол	0,05
		формальдегид	рұқсат етілмейді
		эпихлоргидрин	рұқсат етілмейді

18. Тамақ өнімдерімен байланысқа арналған бұйымдардың "Тамақ өнімдеріне арналған" түріндегі, тамақ өнімдерінің қай түріне (ыстық, суық, сусымалы) қолданылатындығы көрсетіле отырып, таңбасы болуы мүмкін немесе олардың нақты арналуын көрсетеді немесе тамақ өнімдерімен байланысты материалдар мен өнімдерді білдіру үшін қабылданған белгілермен таңбалайды.

#### 4. Пластмассадан жасалған санитарлық-гигиеналық, галантерея бұйымдары

19. Бұйымның өткір жиектері (кесетін, шаншитын), егер бұл бұйымның қызметімен анықталмаса, болмауы тиіс. Құрайтын элемент іздерінің үшкір шеті, (кесетін, тесетін) болмауы керек.

20. Санитарлық-гигиеналық бұйым сыртқы түрін және бояуын сақтауы, (70+5) ° С температурадағы су әсері кезінде бұзылмауы және шытынамауы тиіс. Бұйымды ысқылаған кезде бояудың іруі байқалмауы тиіс.

21. Жинақ бұйымдарының бөлшектері жиналым сызбасының талаптарына сәйкес жанауы тиіс.

22. Ұстағыш бекітпелері мықты болуы және сыйымдылық массасы кемінде екі еседен асатын статистикалық жүктемелерді көтеруі тиіс.

23. Бала ваннасының су толтырылған көлемі бойынша  $\frac{3}{4}$  биіктігінің бұзылуы 1,5 % аспауы тиіс.

24. Бұйымдардан химиялық заттың бөлінуі материалдың түріне, модельдік сулы ортаға және ауа қабатына байланысты 4-кестеде көрсетілген нормадан аспауы тиіс.

4-кесте

Бұйым материалдардың атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Сулы ортадағы бөліну нормативі, мг/дм <sup>3</sup> аспайды	Ауа қабатындағы бөліну нормативі мг/м <sup>3</sup> , аспайды
1	2	3	4

Акрилонитрилбутадиенстирольдық пластиктер (АБС-пластиктер)	а-метилстирол	0,1	0,04
	акрилонитрил	0,02	0,03
	Бензол	0,01	0,1
	ксилолы (изомерлер қоспасы)	0,05	0,2
	Стирол	0,02	0,002
	Толуол	0,5	0,6
Полистирол және стирол сополимерлер	акрилонитрил	0,02	0,03
	а-метилстирол	0,1	0,04
	ацетальдегид	0,2	0,01
	Бензол	0,01	0,1
	ксилол (изомерлер қоспасы)	0,05	0,2
	метилметакрилат	0,25	0,01
	Стирол	0,02	0,002
	Толуол	0,5	0,6
Полиолефиндер негізінде материалдар	формальдегид	0,1	0,003
	ацетальдегид	0,2	0,01
	изопропил спирті	0,1	0,6
	метил спирті	0,2	0,5
	Этилацетат	0,1	0,1
Винилацетат негізінде полимерлер	формальдегид	0,1	0,003
	винилацетат	0,2	0,15
	ацетальдегид	0,2	0,01
Поливинилхлоридтер	диэтилфталат	3,0	0,01
	диоктилфталат	2,0	0,02
	диметилфталат	0,3	0,007
	дибутилфталат	0,2	0,05
	винилхлорид	дайын бұйым 1,0 мг/кг	0,01
	Бензол	0,01	0,1
	Ацетон	0,1	0,35
	ацетальдегид	0,2	0,01

	Толуол	0,5	0,6
	Фенол	0,05	0,003
Полиуретандар	ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35
	Бензол	0,01	0,1
	изопропил спирті	0,1	0,6
	Метил спирті	0,2	0,5
	Пропил спирті	0,1	0,3
	толуол	0,5	0,6
	формальдегид	0,1	0,003
	этилацетат	0,1	0,1
	этиленгликоль	1,0	1,0
	Полиамидтер	бензол	0,01
гексаметилендиамин		0,01	0,001
Е-капролактам		0,5	0,006
Метил спирті		0,2	0,5
фенол		0,05	0,003
Полиакрилат	акрилонитрил	0,02	0,03
	метилметакрилат	0,25	0,001
Полиэфирлер негізіндегі материалдар	ацетальдегид	0,2	0,01
	ацетон	0,1	0,35
	Метил спирті	0,2	0,5
	Пропил спирті	0,1	0,3
	фенол	0,05	0,003
	формальдегид	0,1	0,003
Терефталды қышқыл негізіндегі полиэтилен -терефталат (ПЭТФ) және сополимерлер	ацетальдегид	0,2	0,01
	ацетон	0,1	0,35
	диметилтерефталат	1,5	0,05
	Метил спирті	0,2	0,5
	формальдегид	0,1	0,003
	этиленгликоль	1,0	1,0

Поликарбонат	дифенилолпропан	0,01	0,04
	метиленхлорид	7,5	-
	фенол	0,05	0,003
	хлорбензол	0,02	0,1
Фенопластар аминопластар	ацетальдегид	0,2	0,01
	фенол	0,05	0,003
	формальдегид	0,1	0,03
Эпоксидті негізіндегі материалдар	ацетальдегид	0,2	0,01
	дифенилолпропан	0,01	0,04
	фенол	0,05	0,003
	эпихлоргидрин	0,1	0,2
	Мырыш	1,0	-
	формальдегид	0,1	0,003

## 5. Шыны және керамика ыдыстар, асхана аспаптары

25. Ыстық тамаққа арналған ыдыс, асхана аспаптары термикалық төзімді болуы,  $(95-70-20) ^\circ \text{C}$  температура ауысуында; балалар тамағына арналған бөтелкелер мен банкалар -  $(95-45) ^\circ \text{C}$  температура ауысуында; сүт тағамдарының бөтелкелері -  $(65-25) ^\circ \text{C}$  температура ауысуында сынбауы тиіс. Түрлі-түсті глазурлі фаянс ыдыстың термотөзімділігі -  $115 ^\circ \text{C}$ -тан, түссіз эмалдінікі -  $125 ^\circ \text{C}$  - т а н к е м б о л м а у ы т и і с .

26. Азық-түлік өнімдерімен жанасатын бұйымның ішкі жағына жағылған жағынды қышқылға төзімді болуы тиіс. Шыны ыдыстың ішкі жағына жағынды жағуға рұқсат етілмейді.

27. Бұйымның жоғарғы шетінің сыртқы жағы жұмсақ болуы тиіс. Бұйымда: сынықтардың, кесілген жиектердің, шынының жабысып қалған сынықтарының, жан-жағы жарылған өзге де қосындылардың болуына рұқсат етілмейді.

28. Әсемдеп безендірілген бұйымдар мен элементтердің тұтқасы берік бекітілуі тиіс. Шыны ыдыс үшін - тұтқа 1 минут бойы тұтқасынан көтеру кезінде бұйымның тең сыйымдылық жүктемесін көтеруі тиіс. Керамикалық ыдыс үшін - тұтқа бұйым толтырылған судың салмағынан екі есе салмақтың тұтқасынан көтеру әдісімен бір реттік жүктемесін көтеруі тиіс.

29. Керамикалық, шыныкерамикалық және шыны бұйымдардың қауіпсіздігі моделдік ортадағы зиянды заттардың миграциясымен сипатталады. Бұйымнан зиянды заттардың бөлінуі 5-кестеде көрсетілген нормалардан аспауы тиіс.

5-кесте

Бұйымның атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Норматив, мг / д м л артық емес
1	2	3
Шыныдан жасалған бұйым	Б о р Қ а л а й ы К ү ш ә н Қ о р ғ а с ы н Кадмий	0 , 1 0 0 , 5 0 0 , 0 5 * ) *)
Фарфор мен фаянстан жасалған бұйым	Қ о р ғ а с ы н К а д м и й Бор	* ) * ) 0,1
Майоликтер мен қыштан жасалған бұйым	Б о р М ы р ы ш Т и т а н Қ а л а й ы Қ о р ғ а с ы н Кадмий	0 , 5 1 , 0 0 , 1 0 , 5 * ) *)

**Е с к е р т п е :**

\*) Кадмий мен қорғасынның болуы 30 тармаққа сәйкес.

30. Қорғасын мен кадмийдің болуы 6-кестеде көрсетілген нормалардан аспауы тиіс. Қорғасын мен кадмийдің болуын анықтауды өнімді 4 % сірке қышқылының ерітіндісінде сынау кезінде жүргізіледі, бұл ретте барынша әсем қабаттағы бұйым таңдалады.

6-кесте

Ыдыс түрі	Ө л ш е м бірлігі	Шекті рұқсат етілген саны	
		қорғасын	кадмий
Жайпақ ыдыс (іші кемінде 25 мм шұңғыл)	мг/дм <sup>2</sup>	0,8	0,07
Кішкене шұңғыл ыдыс (іші 25 мм-ден артық шұңғыл, сыйымдылығы кемінде 1,1 л)	мг/дм <sup>3</sup>	2	0,5
Үлкен шұңғыл ыдыс (іші 25 мм-ден артық шұңғыл, сыйымдылығы 1,1 литрге тең немесе артық)	мг/дм <sup>3</sup>	1	0,25
Тамақ азық-түліктерін сақтауға арналған шұңғыл ыдыс (сыйымдылығы 3 литрге тең немесе артық)	мг/дм <sup>3</sup>	0,5	0,25
Табақтар, кружкалар	мг/дм <sup>3</sup>	0,5	0,05

Тамақ жылытып ыдыс	азық-түліктерін өңдеуге арналған	мг/дм <sup>3</sup>	0,5	0,05
--------------------	----------------------------------	--------------------	-----	------

## 6. Металдан жасалған ыдыс, асхана аспаптары, санитарлық-гигиеналық, галантереялық бұйымдар

31. Металдан жасалған бұйым жегіге төзімді болуы тиіс.

32. Тұтқаларды, әсемдік безендірілген элементтерді, қаптамаларды бекіту берік болуы тиіс.

33. Металдан жасалған, азық-түлік өнімдерімен байланысқа арналған ыдыстар, асхана аспаптары олармен жанасатын ерітінді бөлмеуі тиіс, ұқсататын азық-түлік өнімдері, зиянды заттар, артық болатын нормативтер 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте

Бұйымның атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Норматив, мг/дм <sup>3</sup> , артық емес
Жегіге-төзімді болаттан жасалған ыдыс, асхана аспаптары	Темір Никель Хром	0,3 0,1 0,1
Беті желінген, кварцталған, ыспаланған, соның ішінде күйдірмейтін беткейі бар қалайы ыдыс	Фтор Қалайы Қорғасын Титан Кобальт Темір Хром	0,5 0,5 0,03 0,1 0,1 0,3 0,1
Беті плакирленген тоттанбайтын болат қалайыдан жасалған ыдыс, асхана аспаптары	Қалайы Қорғасын Мыс Мырыш Темір Никель Хром	0,5 0,03 1,0 1,0 0,3 0,1 0,1
Күміс немесе алтын жалатылған мельхиордан, нейзильберден жасалған ыдыс, асхана аспаптары	Қорғасын Мыс Мырыш Никель Хром	0,03 1,0 1,0 0,1 0,1
Болат эмальды ыдыс	Бор Қалайы Никель Кобальт Қорғасын	0,10 0,50 0,05 0,10 0,03

34. Металл санитарлық-гигиеналық бұйымдардың, галантериялық бұйымдардың зиянды заттарының миграциясы 8-кестеде көрсетілген нормативтерден аспауы тиіс.

8-кесте

Бұйымның атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Норматив, мг/дм <sup>3</sup> , артық емес
Металдан жасалған санитарлық-гигиеналық бұйым	Т е м і р Қ а л а й ы Қорғасын	0,30 0,50 0,03

## 7. Тіс щеткалары, қызыл иекке арналған массажерлар және басқа да ұқсас бұйымдар

35. Щетка бұталарын бекіту беріктігі кемінде 15Н болуы тиіс.

36. Қиманың орнындағы бұйымның қалыбы кемінде 0,40 Дж жүктемені көтеруге тиіс.

38. Тіс щеткаларының жұмыс істейтін бөлігінің қатаңдығы кемінде 70 шарт. бірлік болуы тиіс.

39. Щетка бұталарындағы синтетикалық жіптер жаңқаларсыз бекітілген және шеті дөңгеленіп жасалған болуы тиіс.

40. Бұйымның полимерлік бөліктерінен бұйымның материалының түріне байланысты дистилденген суға зиянды заттардың миграциясы 9-кестеде көрсетілген нормативтерден аспауы тиіс.

9-кесте

Бұйым материалының атауы	Анықталатын зиянды заттың атауы	Норматив, мг/дм <sup>3</sup> , артық емес
1	2	3
Акрилонитрилбутадиенстирольдік пластиктер (АБС-пластиктер)	а-метилстирол	0,1
	акрилонитрил	рұқсат етілмейді
	Бензол	рұқсат етілмейді
	к с и л о л д а р (изомерлер смесі)	0,05
	Стирол	рұқсат етілмейді
	Толуол	0,5
	акрилонитрил	рұқсат етілмейді
	а-метилстирол	0,1
	ацетальдегид	0,2
	Бензол	рұқсат етілмейді



Полистирол және стирол сополимерлері	к с и л о л д а р (изомерлер смесі)	0,05
	метилметакрилат	рұқсат етілмейді
	Стирол	рұқсат етілмейді
	Толуол	0,5
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	Метил спирті	рұқсат етілмейді
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
Полиолефиндер негізіндегі материалдар	ацетальдегид	0,2
	изопропил спирті	0,1
	Метил спирті	рұқсат етілмейді
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	Этилацетат	рұқсат етілмейді
	Қалайы	0,5
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	изобутил спирті	рұқсат етілмейді
Хром	0,1	
Винилацетаттар негізіндегі полимерлер	ацетальдегид	0,2
	Винилацетат	рұқсат етілмейді
	формальдегид	рұқсат етілмейді
Поливинилхлоридтер	ацеталальдегид	0,2
	Ацетон	0,1
	Бензол	рұқсат етілмейді
	винилхлорид	рұқсат етілмейді
	дибутилфталат	рұқсат етілмейді
	диметилтерефталат	рұқсат етілмейді
	диметилфталат	рұқсат етілмейді
	диоктилфталат	2,0
	диэтилфталат	рұқсат етілмейді
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	изобутил спирті	рұқсат етілмейді
	Метил спирті	рұқсат етілмейді

	Толуол	0,5
	Фенол	0,05
	Мырыш	1,0
	қалайы	2,0
Полиамидтер	Бензол	рұқсат етілмейді
	гексаметилендиамин	рұқсат етілмейді
	Е-капролактама	0,5
	Метил спирті	рұқсат етілмейді
	Фенол	0,05
Полиэтилентерефталат (ПЭТФ) және терефталды қышқыл негізінде сополимерлер	ацетальдегид	0,2
	Ацетон	0,1
	диметилтерефталат	1,5
	Метил спирті	рұқсат етілмейді
	формальдегид	рұқсат етілмейді
	бутил спирті	рұқсат етілмейді
	Изобутил спирті	рұқсат етілмейді
	этиленгликоль	1,0
Поликарбонат	дифенилолпропан	0,01
	метиленхлорид	7,5
	Фенол	0,05
	Хлорбензол	0,02
	эпихлоргидрин	0,1

41. Микробиологиялық көрсеткіштер бойынша тіс щеткалары, қызыл иекке арналған массажерлар мен ауыз қуысының күтіміне арналған басқа да ұқсас бұйымдар 10-кестеде ұсынылған талаптарға сәйкес болуы тиіс.

#### 10-кесте

Мезофильдік аэробтік және факультативті-анаэробтік бактериялардың жалпы саны	Ашытқылар, ашытқы-тектес, зең саңырауқұлақтар	Enterobacteriaceae тұқымының бактериялары	Патогенді стафилококтар	<i>Pseudomonas-aeruginosa</i>
КТБ* 1 г (см <sup>2</sup> ) өнімде		1 г (см <sup>2</sup> ) өнімде		

10 <sup>2</sup> артық емес	болмауы керек	болмауы керек	болмауы керек	болмауы керек
* КТБ - 1 г немесе 1 СМ <sup>2</sup> өнімдегі колонатүзуші бірлік				

## 8. Санитарлық-гигиеналық бір рет пайдалану бұйымдары

42. Гель тәріздес ылғал тартқыш материалдарды қамтитын санитарлық-гигиеналық бұйымдар 24 сағат бойы сенсбилизациялайтын әсер (компрессиялық әдіспен) көрсетпеуі тиіс.

43. Көпқабатты жаялықшаның ылғал тартқыш қабатының 100 мл тестілік сұйықтықты сіңіру уақыты 3 с. аспауы тиіс.

44. Тұтынушыларға арналған нұсқаулықта мақсаты, бұйымның түрін және мөлшерін дұрыс таңдау жөніндегі ұсыным, күту (қажет болған кезде) және кәдеге жарату тәсілдері көрсетілген ақпарат қамтылуы тиіс.

45. Гель тәріздес ылғал тартқыш материалдарды қамтитын санитарлық-гигиеналық бұйымдар химиялық қауіпсіздік бойынша 11-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

11-кесте

Анықталатын заттың атауы	зиянды	Миграция нормативі, мг/дм <sup>3</sup> , артық емес
1		2
Акрилонитрил		0,02
Ацетальдегид		0,2
Ацетон		0,1
Бензол		0,01
Гексан		0,1
п-Крезол		0,004
м-Крезол		0,04
Метил спирті		0,2
Пропил спирті		0,1
Толуол		0,5
Фенол		0,05
Формальдегид		0,1
Этилацетат		0,1
Қорғасын		0,03
Мырыш		1,0

Күшән	0,05
Хром (III, VI)	жиынтығы 0,1

46. Гель тәріздес ылғал тартқыш материалдарды қамтитын бұйымдар, гигиеналық мақта таяқшалар, шариктер микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 12-кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес болуы тиіс.

### 12-кесте

Мезофильдік аэробтік және факультативті-анаэробтік бактериялардың жалпы саны	Ашытқылар, ашытқы-тектес, зең саңырауқұлақтар	Enterobacteriaceae тұқымының бактериялары	Патогенді стафилококктар	Pseudomonas-aeruginosa
КТБ* 1 г (см <sup>3</sup> ) өнімде		1 г (см <sup>2</sup> ) өнімде		
10 <sup>2</sup> артық емес	болмауы	болмауы	болмауы	болмауы керек
* КТБ - 1 г немесе 1 см <sup>3</sup> өнімдегі колонатүзуші бірлік				

47. (47-тармақ - алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.16. N 13 Қаулысымен).

"Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.16. N 13 Қаулысымен.

## Өнімдердің тізбесі және ойыншықтар қауіпсіздігінің талаптары 1. Өнімдердің тізбесі

1. Осы қауіпсіздік талаптары ойыншықтарға таратылады.
2. Өнімдердің қауіпсіздік талаптары мынадай ойыншықтарға қолданылады: металдан, ағаштан, пластмассадан жасалған, іші толтырылған, резеңке, қағаздан, картоннан, папье-машеден, қыштан жасалған және тағы басқа, оның ішінде: электрлендірілген, ірі ауқымды, механикалық, қуыршақтар, адамдар мен жануарлардың пішіндері, музыкалық, оптикалық, тәжірибелер жинақтары, балалар шығармашылығына, ойын дағдыларына арналған заттар, үстел үстінде ойналатын, үстел үстіне қойып ойнауға арналған баспалық ойындар, карнавал костюмдері, маскалар, тәждер, париктер, сақалдар, мұрттар және басқа да осыған ұқсас бұйымдар.

3. Қауіпсіздік талаптары қолданылатын өнімдердің номенклатуралық тізбесі 1-кестеде берілген. Ойыншықтардың біртектес топтары мен біріздендіруін қалыптастыру бұйымдардың құрылымдық ерекшеліктері, пайдаланылған материалдары, жинақталуы ескере отырып, кемінде бес санды пайдалана отырып СЭҚ ТН коды бойынша жүргізіледі.

1-кесте

Өнімдер топтарының атауы	СЭҚ ТН коды
О й ы н ш ы қ т а р :	
металл көлік, техника, құрылыс ойыншықтар;	9 5 0 1 0 0
ағаш ойыншықтар;	9 5 0 3 3 0
пластмасса ойыншықтар;	9 5 0 3 4 9
іші толтырылған ойыншықтар;	9 5 0 3 4 1
резеңке ойыншықтар;	9 5 0 3 9 0
қағаздан және картоннан жасалған ойыншықтар;	9 5 0 3 9 0
фарфордан, фаянстан, қыштан, папье-машеден, ағаш жаңқалары массасынан жасалған ойыншықтар;	9 5 0 2 1 0
басқа да ойыншықтар (музыкалық, оптикалық, тәжірибелер жинақтары); балалар шығармашылығына арналған бұйымдар.	9 5 0 3 5 0 950390

4. Осы бөлімде белгіленген талаптар мынадай бұйым түрлеріне:

1) жаңа жылдық шырша әшекейлерін қоса алғанда (жасанды шыршалар, оған керек-жарақтар, электр гирляндар), мерекелік ойыншықтарға;

2) ойын алаңдарында ұжымдық пайдалануға арналған жабдықтар мен ж а р а қ т а р ғ а ;

3) табыс табу мақсатында қоғамдық орындарда орнатылатын ойыншықтарға;

4) ойыншық бу қозғалтқыштарын, іштен жану қозғалтқыштары бар тетіктерге ;

5) мамандарға арналған 500-ден астам құрам бірліктері бар басқатырғыштарға немесе суреті жоқ басқатырғыштарға;

6) пневматикалық қаруға, атыс қаруының дәл көшірмесіне;

7) айырсадақтарға, сақпандар мен катапульталарға;

8) металл ұштары бар нысанаға лақтыруға арналған жебелерге;

9) балаларға арналған бижутерия бұйымдарға;

10) ойыншықтарда пайдалану үшін арнайы құрастырылған ұрмалы капсульдерді қоспағанда, ұрмалы капсульдерді қамтитын фейерверктерге;

11) үйдегі тұрмыстық заттарды имитациялайтын, жиырма төрт вольттан жоғары белгіленген кернеуде жұмыс істейтін электр пештері мен басқа да б ұ й ы м д а р ғ а ;

12) қыздыру элементтері бар, оқу процесінде ересек адамның бақылауымен п а й д а л а н ы л а т ы н б ұ й ы м д а р ғ а ;

13) 24 вольттан жоғары белгіленген кернеуде жұмыс істейтін бейне

мониторларға қосылатын бейне ойыншықтарға;

14) бала емізіктері мен жәй емізіктерге;

15) ересек коллекционерлерге арналған, егжей-тегжейлі әзірленген, кішірейтілген модельдерге;

16) спорт жабдықтарына, спорттық және жол (серуендеу) велосипедтеріне, үлкен тереңдікте пайдалануға арналған навигациялық жарақтарға;

17) фольклорлық және сәндік сипаттағы қуыршақтарды және ересек коллекционерлерге арналған басқа да сол сияқты бұйымдарға қолданылмайды.

5. Ойыншықтардың қауіпсіздігі механикалық, электрлік, өрт, биологиялық, химиялық және радиациялық қауіпсіздіктері көрсеткіштерімен сипатталады. Ойыншықтардың осы Техникалық регламентпен үйлестірілген стандарттар талаптарына сәйкес келуі олардың осы бөлімнің оған тиісті бөлігінің талаптарына сәйкес келуі презумпциясын көздейді.

## **2. Ойыншықтар қауіпсіздігінің жалпы талаптары**

6. Ойыншықтар мен олар дайындалатын материалдардың сырты таза және жәндіктермен, тат басумен және басқа да осыған ұқсас бұлінулермен зақымдалмауы тиіс. Материалдың сыртқы тазалығы көзбен тексеріледі.

7. Эмальдің, лак пен бояудың және басқа да қабаттардың қатпарлануы б о л м а у ы қ а ж е т .

8. 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтарға аң терісін, былғарыны, шыныны, қылшықтарды: резеңке, картон, қағаз қолдануға жол берілмейді.

9. Ойыншықтардың барлық түрлерінде: қалыңдығы 0,038 мм-ден кем емес полимерлік қайталанбаған үлдірді; құрт жеген және бұтақты ағашты, 3 жасқа дейінгі балалар үшін, ойыншықтың қызметін атқару қажет болған жағдайды қоспағанда, шыныны, целлулоидты, ойыншықтың сыртқы қабаты болып табылмайтын ішкі қабықшасыз пайдаланылатын көлемі 3 мм және одан кем толтырғыш түйіршіктерді, қатты немесе өткір басқа заттарды (шегелер, инелер, металл жоңқалар, жаңқалар, шынының сынықтары немесе пластмассалар және т.б.) қамтитын толтырғыш материалдарды, жанғыш газдар мен жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді.

10. Құрастыруды қажет ететін ойыншықтар нұсқаулықпен жабдықталуы қ а ж е т .

11. Тұтынушы ойыншықтан туындайтын әлеуетті қауіп туралы және сақтандыру шаралары туралы хабарландырылуы қажет. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық белгілі бір ойыншық түріне қатысты ескерту ақпаратын қамтуы тиіс.

12. Кірер тесігінің периметрі 380 мм-ден асатын ойыншықтарды орау үшін пайдаланылатын полимер пленкадан жасалған пакеттің қалыңдығы 0,038 мм-ден

кем болмайтын пленкасы (термо отырғызылған және бүрмеленген үлдірден басқа) болуы қажет; қысып буылатын баудың, таспаның және т.б. көмегімен жабылмауы тиіс.

### 3. Ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігі талаптары

13. Ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігінің жалпы талаптары 2-кестеде берілген.

14. Баланың денесінің салмағын көтермейтін, салмағы 5 кг-нан аспайтын ауыр жылжымалы еден үсті ойыншықтары орнықты болуы қажет.

15. Бетті қорғайтын барлық қатты материалдардың (қорғаныш көзілдіріктер, шлемдер, маскалар және т.б.) айналу сәттері, созылу, құлау, соққы және қысым сынақтары өткізілгеннен кейін өткір жиектері, ұштары немесе көзге түсуі мүмкін бекітілмеген бөліктері болмауы қажет.

2-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1	2
1. Жиектердің қол жетімділігі және үшкірлігі	<p>1. Қол жетімді жиектер үшкір болмауы қажет; қылтанақтары, сызаттары, кетіктері болмауы тиіс</p> <p>2. Қол жетімді жиектер қайырылған, оралған, бұралған немесе полимер жабындылармен қорғалған болуы тиіс</p> <p>3. Суық қарудың (пышақтар, қылыштар, рапиралар, балталар) көшірмелердің атқарымдық өткір ұштары және жиектері болмауы қажет</p> <p>4. Қылтанақтарға, жарықшақтарға жол берілмейді. Ағаштан жасалған ойыншықтардың немесе бөлшектердің бетінде немесе қол жетімді шеттерінде кетіктер болмауы тиіс</p> <p>5. Ойыншықтардың шыныдан жасалған бөлшектерінің қол жетімді жиектері бүгілген немесе қорғалған болуы қажет (микроскоптардың заттық және жабынды шыныларынан басқа)</p>
2. Саңылау	<p>1. Қосымша талаптарсыз 0,7 мм-ден аз болуы тиіс</p> <p>2. Жиектердің қол жетімділігі мен өткірлігі бойынша талаптарды ескере отырып 0,7 мм-ден артық болуы тиіс</p> <p>3. Ілмектермен біріктірілетін 2 бөліктен тұратын ойыншықтар үшін - есіктің немесе қақпақтың кез келген жағдайында 5 мм-ден кем немесе 12 мм-ден артық</p>

	4. Бұрау кілтінің қалпақшасы мен бұрау тұтқасының арасындағы саңылау 5 мм-ден кем немесе 12 мм-ден артық
3. Бекітпе бөлшектердің ұштары	1. Өткір ұштарға жол берілмейді 2. Қол жетімді бөлшектерде қылтанақтар болуына жол берілмейді 3. Батырылған тіреуіш бөлшектерінің бастары ойыншықтың беткі жағына шықпауы қажет 4. Болттар мен бұрандалардың оймаларының ұшы 3 мм-ден сәл артық шығарылуы қажет немесе 0,5 мм-ден сәл артық батырылуы қажет (конструкторлардан басқа)
4. Ойыншықтардың, сымдар мен өткізгіштердің үшкір шеті	1. Үшкір шеттер қол жетпейтіндей болуы тиіс 2. Қол жетімді үшкір шеттер айналдырылған, бітеуленген немесе қалпақтармен қорғалған болуы тиіс немесе қорғаныс қабаты болуы тиіс 3. 3 жастан асқан балаларға арналған ойыншықтардың немесе сымдардың үшкір шеттерінің болуына рұқсат етіледі
5. Сымдар мен өткізгіштердің иілгіштігі және беріктігі	Сымдар мен өткізгіштер иілгіш және берік болуы тиіс
6. Ойыншықтардың, корпустың беріктілігі	Ойыншықтар, корпус, іші жұмсақ ойыншықтардың тігісі берік болуы тиіс
7. Қатаң деталдарды (құбырлар, қайрақшалар, тұтқалар және т.б.) және корпусты қорғау	1. Қатаң деталдарда қорғаныс құрылғыларының болуы міндетті 2. Жекелеген қорғаныс элементі ойыншықтың корпусымен берік қосылуы тиіс
8. Жиналмалы құрылғылардағы қуыс	Жиналған түрінде кемінде 12 мм Жиналмалы және сусымалы құрылғылар өздігінен жиналуды болдырмайтын шектеуішпен немесе құлыппен жабдықталуы тиіс
9. Қосу кезіндегі өткізгіш тетіктің қарсы әрекетінің күші	3 жасқа дейінгі балалар үшін күш 4,5 Н-тан аспауы тиіс (диаметрі кемінде 1,5 мм өткізгіш бауды пайдалану кезінде)
10. Өткізгіш тетіктердің қолданылуы: тісті өткізгіштер, жетекті белбеулер; қосылғыш құрылғылары немесе электр энергиясының көзінен жұмыс істейтін құрылғылар; үйкелісті немесе қосылғыш тетіктері (баланың салмағын	



көтеретін конструкторлардың деталдарын немесе ойыншықтарды қоспағанда)	Өткізгіш тетіктерге баланың қолы жетпейтіндей болуы керек
11. Қол жетімді серіппелерде қорғаныстың болуы	Мынадай жағдайларда қорғалуы тиіс: 1. Пайдалану процесінде жүктемені көтермейтін орамалы серіппелердің екі кезекті ораулар арасында жұмыс істемейтін жағдайдағы серіппелер 3 мм астам қуыс болуы тиіс 2. 40 Н созу күшінің ықпалына ұшыраған және өзінің бастапқы жағдайына келген созу серіппелерінің екі кезекті ораулар арасында кемінде 3 мм қуыс болуы тиіс Қысу серіппесінің екі кезекті ораулар арасында жұмыс істемейтін жағдайдағы серіппелер кемінде 3 мм қуыс болуы тиіс және оларға пайдалану процесінде 40 Н немесе астам күш жұмсалады
12. Семсерлесуге арналған маскалардағы тесіктердің мөлшері	Тесіктердің мөлшері - рапираның немесе шпаганың ұшының диаметрінен кем болмауы тиіс
13. Конструкторлар мен модельдердегі дәнекерлеу	10 жасқа дейінгі балалардың жинауы үшін конструкторлар мен модельдердегі дәнекерлеуге рұқсат етілмейді.

16. 3 жасқа дейінгі балаларға арналған ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 3-кестеде жазылған.

### 3-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1	2
1. Алынбалы деталдардың мөлшері	Кез келген жағдайда $\Theta$ 31,7 мм мөлшерін анықтау үш цилиндрге кірмеуі және мөлшерін анықтау үш шаблондардың жайпақтығы үшін шықпауы тиіс
1.1. Алынбайтын деталдарды ұстау мүмкіндігі	Бала оларды тісімен немесе қолымен жұлып алмайтындай болып орнықтырылуы тиіс немесе ойыншыққа берік жабыстырылуы тиіс
1.2. Алынбайтын деталдарды жабыстыру беріктігі	Алынбайтын деталдар егер олар ойыншықтардан жұлынып қалса, үшкір сынықтары мен ұштары болмауы тиіс және 1-тармақтың талаптарына сәйкес келуі тиіс
	1. Бос баулардың (соның ішінде, 25 Н күшпен созылатын эластикалық) ұзындығы 300 мм-ден, ал ілмектің периметрі - 350 мм-ден артық болмауы

2. Ойыншықты балалар керуетіне арбаға ілу пайдаланылатын баулардың ұзындығы	бесікке, немесе үшін бос	т и і с 2. Балалар керуетін, арбаларды көлденең тартуға арналған эластикалық баулардың (25 Н күшпен тарту кезінде) ұзындығы 750 мм-ден артық болмауы тиіс, бұл ретте тартылған баудың ұзындығы бос жағдайдағы баудың ұзындығының 40 %-нан аспауы тиіс
3. Сусымалы немесе ілмектердің болуы	түйіндердің	Өздерімен бірге тартып ойнауға арналған ойыншықтардың бауларында саусақ сусымайтын түйіндер немесе сусымалы түйіндерден тұратын ілмектер болмауы керек
4. 3 жасқа дейінгі бұлдіршіндерге ойыншықтардың диаметрі	арналған бауларының	2 мм-ден кем болмауы және ұшында шар, цилиндр тәрізді домалақ болуы тиіс
5. Баланың жанасатын бөлек жапсырмалардың болуы	аузымен ойыншықтарда заттардың,	Ойыншықтарда, егер оны ауызға алуға немесе ауызбен жабуға болса ауызға арналған тесіктен, сондай-ақ ауа шығатын тесіктен 10 кПа қысыммен ауызға арналған тесіктен араластырып үрлегенде және сорған кезде, $\Theta$ 31,7 мм көлемді анықтау үшін цилиндрге кіретін бөлек заттар болмауға тиіс
Емшек жасындағы балаларға арналған ойыншықтар		
6. Шылдырлауықтардың салмағы		100 грамнан кем емес
7. Бетін бояу және жазу		Рұқсат етілмейді
8. Шылдырлауықтардың беріктігі		Ұрғанға берік болуы тиіс
9. Сұйықтық толтырылған ойыншықтардан оның ағуы		Рұқсат етілмейді

17. Балалар сыйып кететін ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 4-кестеде жазылған.

#### 4-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Ойыншықтардың есіктерінің, қақпақтарының немесе басқадай бір құрылғыларының болуы	1. Ойыншықтар ашылуы тиіс және есігі, қақпағы немесе басқадай бір құрылғысы жабық болған жағдайда желдеткішпен қамтамасыз етілуі керек 2. Түймелерді, сыдырмаларды немесе басқадай бір түймелеулерді қолдануға болмайды
2. Есіктерді, қақпақтарды немесе басқадай бір	

құрылғаларды ашу үшін қажетті күш

Сырттан ашу күшінің шамасы кем дегенде 50 Н болуы тиіс

18. Баланың әрекетімен немесе электр сымымен жүргізілетін және бала денесінің салмағын көтеретін ойыншықтардың - самокаттар, тікелей басқыштармен қозғалатын тұтас дөңгелекті велосипедтер; автомобильдер және тағы да басқалардың механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 5-кестеде жазылған.

### 5-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1	2
1. Беріктік және орнықтылық	Берік және орнықты болуы тиіс.
2. Тежегіш құрылғының болуы	
2.1. Механикалық түрде немесе электрдің көмегімен қозғалысқа түсетін дөңгелектері бос ілініп тұратын немесе жылдамдық қорабы бейтарап ойыншықтар үшін	1. Тежегіш құрылғысы болуы тиіс. $(50 \pm 2)$ Н күш жұмсағанда ойыншық 5 см-дан артық қозғалмауы керек. 2. Дөңгелектерін бала қолымен немесе аяғымен қозғайтын ойыншықтар және электр сымы бар, жүксіз жылдамдығын 1 м/с-тан астам дамытпайтын, 300 мм төмен және аяқты бос қалдыратын орындығы бар ойыншықтардың тежегіш құрылғысының болмауы мүмкін.
2.2. Электр сымы бар ойыншықтар үшін	Әсер етуді тоқтату кезінде ондағы тоқты автоматты түрде ажырататын сөндіргіш болуы тиіс, бұл ретте ойыншық аударылмауы тиіс.
3. Шынжыр өткізгіштері бар ойыншықтарда қалқандардың болуы	1. Қалқандар: баланың аяғының шынжырмен байланысының болуы мүмкін жағынан, ал қарама-қарсы жағынан - жетекші жұлдызшаны жабатындай болуы тиіс. 2. Қалқандар құрал пайдаланып қана шеше алатындай болып орналасуы тиіс.
4. Дөңгелектердің түрі	Тікелей басқышпен қозғалысқа түсетін ойыншықтардың дөңгелектері тұтас және рұқсат етілетін 5 мм-дан аспайтын мөлшердегі тесігі немесе саңылауы болуы тиіс.
5. Ойыншықтың дөңгелектері мен корпусының немесе бөліктерінің арасындағы алшақтық	Ойыншықтың дөңгелектері мен корпусының немесе бөліктерінің арасындағы алшақтық - дөңгелектер кез келген орналасқан кезде 5 мм кем немесе 12 мм артық болуы тиіс.
6. Спортроллердің қорғаныс сырты	Пайдалану кезінде аяқты сырғанауын болдырмайтын элементтер болуы тиіс.

7. Рөлдік колонканың конструкциясы	Алдыңғы дөңгелектің бұрышқа $(90 \pm 5)^\circ$ тікежолды қозғалыс жағдайынан екі жаққа айналуын қамтамасыз етуі тиіс.
2.1 Электр өткізгішпен әрекетке қосылатын ойыншықтардың барынша мүмкін болатын жылдамдығы	8 км/сағ-тан аспауы тиіс.

19. Бала денесінің салмағын көтеретін және мінуге арналмаған ойыншықтардың: аспалы әткеншектерді қоспағанда, әткеншек ат, балалар сырғанағы және т.б. механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 6-кестеде келтірілген.

#### 6-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Беріктік	Берік болуы тиіс.
2. Аударылып кетпеу үшін орнықтылық (атқарымдық орнықты емес жағдайдағылардан басқа - доптар, жұмсақ ойыншықтар және т.б.	Аударылып кетпеу үшін орнықты болуы тиіс
3. Конструкция	Ойыншықтан суды шығару мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

20. Аспалы әткеншектердің механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 7-кестеде келтірілген.

#### 7-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Тростардың, шынжырлардың диаметрлері және белбеулердің ені	Кемінде 10 мм болуы тиіс
2. Шынжырдағы тесіктердің мөлшері	5 мм аспауы тиіс
3. Әткеншектер ілінетін ілгектер	$540^\circ$ майыстырылған болуы тиіс немесе серіппелі ілмектері болуы тиіс
4. Әткеншек отырғыштарын орнықтыру	3 жасқа дейінгі балаларға арналған әткеншектерде баланы отырғышқа таңатын, екі аяғының ортасынан өтетін белбеуі бар құрылғы болуы тиіс Қоса алғанда 5 жасқа дейінгі балалар үшін отырғыш кемінде төрт нүктеде бектілуі тиіс және отырғыштан 200 мм-ден 300 мм-ге дейінгі биіктікте орнатылған маңдайша түріндегі баланың құлауын болдырмайтын құрылғы болуы тиіс

21. Ауада еркін ұшуға жіберуге арналған жарықшақтары бар ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігінің талаптары 8-кестеде келтірілген.

8-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1	2
1. Жалпы талаптар	
1.2. Қатаң жарықшақтар	Ұшында радиусы 2 мм дөңгелек болуы тиіс
1.2. Метал жарықшақтар	Диаметрі кемінде 20 мм металл емес ұштықтардың болуы тиіс
1.3. Лақтыратын жарықшақтардың ұштықтарын бекіту	Берік болуы тиіс
2. Кинетикалық энергияны бала қосатын жарықшақтары бар ойыншықтар	
2.1. Жарықшақтардың ұштары оқ түрінде	1. Бітеу болуы немесе алаңы кемінде 3 см <sup>2</sup> эластикалық материалмен жабылуы тиіс 2. Ұштары металл болмауы тиіс, алайда оқ ұшына кемінде 3 см <sup>2</sup> магнит дөңгелектері пайдалануға жол беріледі
2.2. Серіппелердің немесе ұқсас материалдардың көмегімен іске қосылатын пропеллерлер	Сыртын қоршап тұратын сақинамен жабдықталуы тиіс
3. Кинетикалық энергия ойыншықтың өзінен қосылатын жарықшақтары бар ойыншықтар	
3.1. Жарықшақтың кинетикалық энергиясы	1. 0,08 Дж артық емес - серпінді ұрма сырты жоқ қатты жарықшақтар үшін 2. 0,5 Дж артық емес - серпінді материалдардан жасалған немесе серпінді ұрма сырты бар жарықшақтар үшін
3.2. 0,08 Дж-дан асатын ең жоғары кинетикалық энергияға ие, оқ түріндегі жарықшақ ұштықтары	1. Эластикалық материалдан жасалған қорғаныс жамылғысы болуы тиіс 2. Ең жоғары кинетикалық энергия 0,16 Дж/см <sup>2</sup> -дан аспауы тиіс (эластикалық ұштықтар сыртын есепке ала отырып)

22. Суда ойнауға арналған ойыншықтардың механикалық қауіпсіздігінің арнайы талаптары 9-кестеде келтірілген.

9-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар

1. Қайырылмайтын клапандардың болуы	Ойыншықтардың герметикалылығын қамтамасыз ететін қайырылмайтын клапандар болуы қажет
2. Дәнекерленген жіктердің төзімділігі	Дәнекерленген жіктер төзімді болуы қажет
3. Жабылатын тығын	Ойыншықтар үрленген жағдайда енгізілген тығын ойыншықтың беткі жағынан 5 мм-ден аспауы тиіс
4. Тығынның көлемі	Ө 31,7 мм ұсақ бөлшектерге арналған цилиндрге толығымен енгізілмеуі қажет

23. Жылу көздерін қамтитын ойыншықтардың термиялық қауіпсіздігінің талаптары 10-кестеде келтірілген.

#### 10-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1	2
1. Баланың қолмен ұстап ойнауына арналған ойыншықтар бөліктерінің температурасы (тұтқалар, кнопкалар, басқару тетіктері, тұтқа саптар)	1. Металл бөліктер үшін - кемінде 25 ° С болуы тиіс 2. Фарфор және шыны бөліктер үшін - кемінде 30 ° С болуы қажет 3. Ойыншықтардың пластмасса және ағаш бөліктері үшін кемінде 35 ° С болуы тиіс
2. Ойыншықтардың басқа да қол жетімді бөліктерінің температурасы	Ойыншықтардың басқа да қолжетімді бөліктерінің температурасы: металдан жасалғандары үшін 45 ° С-ден; металдан басқа заттардан жасалғандары үшін 55 ° С-ден кем болмауы тиіс

24. Ойыншықтардың: жұмсақ ойыншықтар, карнавал атрибуттары, маскарад костюмдері, шатырлар, тоқыма үйлер және осыларға ұқсас өнімдерге өрт қауіпсіздігінің талаптары 11-кестеде келтірілген.

#### 11-кесте

Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Жалынның таралу жылдамдығы	30 мм/с-тан кем
2.1 Жалынның әсері тоқтағаннан кейінгі өртену уақыты	Бұйымның сыртынан 50 мм немесе одан көп шығып тұратын түкті материалдары, жасанды шаштары бар баланың басына бекітілетін карнавал бұйымдары жалынның әсері тоқтағаннан кейін 2 секундтан аз жануы тиіс
	1. Алғашқы ұзындығы 150 мм-ге тең немесе одан артық кемінде 50 % болуы қажет

2.2. Ең ұзақ жанбаған түктің, шаштың немесе қосымша бөлшектің ұзындығы	2. Алғашқы ұзындығы 150 мм-нен кем емес кемінде 25 % болуы қажет.
3.1. Жалынның ықпалы тоқтағаннан кейінгі өртену уақыты	Бұйымның сыртынан 50 мм немесе одан көп шығып тұратын түкті материалдары, жасанды шаштары бар баланың басына бекітілетін карнавал бұйымдары, сондай-ақ екі көздің ортасы мен масканың жоғарғы жағындағы аралық 130 мм болатын түкті материалдары жоқ картоннан жасалған маска жалынның әсері тоқтағаннан кейін 2 секундтан аз жануы тиіс
3.2 Өртенген аймақтың ең үлкен көлемі	70 мм-нен аспауы қажет (жалынның қосымша нүктесінен бастап өлшеген жағдайда)
4. Материалдың өртенген жекелеген бөліктері (жалынның таралуы 20 мм/с жылдамдықтан асқан жағдайда)	Жол берілмейді

25. Электрлендірілген ойыншықтардың электр қауіпсіздігі талаптары 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

Қ а у і п с і з д і к көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Ойыншықтардың қоректенуінің нақты кернеуі	Кемінде 24 В
2. Электромонтаж сымдарына жанасу	Ойыншықтардың жылжымалы бөліктеріне жанаспауы қажет
3. Ойыншықтардың электр жалғаушысының айыр бөліктері	Тұрмыстық электр желілерінің электр жалғаушысының розетка бөліктеріне сәйкес келмеуі қажет
4. Токтың химиялық көздерінің бекітілуі	1. Бекіту дәнекерлеуді пайдаланбауы қ а ж е т 2. Бекіту пайдалану кезінде ток көздерінің өздігінен айналуын, ауыстыруды болдырмауы тиіс 3. Бөліктің құрылысы элементтерді электр схемасын бұзбай орнатуды қамтамасыз етуі қажет
5. Элементтің теріс шығуын қосуға арналған байланыс түрі	1. Серіппелі болуы қажет 2. Электрлік оқшаулау материалға 0,5-1,0 мм тереңдікте енгізілуі тиіс
6. Жалғастырушы және коммутациялық байланыстар	Пайдалану кезінде тотығуды болдырмауды қамтамасыз ететін қорытпалардан әзірленуі тиіс

7. Радиобегеуілдерді басуға арналған элементтер (құрылғылар)	Дәнекерлеу немесе пісіру әдісімен ойыншықтың ішкі жағына бекітілуі тиіс
8. Ұшатын ойыншықтардың (батпырауық және осы тәріздес) баулары	Металл емес болуы қажет

26. Ойыншықтардың биологиялық қауіпсіздігі талаптары 13, 14-кестелерде келтірілген.

### 13-кесте

Өнімнің атауы	Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Өнімге қойылатын талаптар
1. Оптикалық ойыншықтар	1.1. Оптикалық ойыншықтардың фокуссындағы экранға түсірілген заттың бейнесінің биіктігі	2,8 мм-ден кем емес
	1.2. Көруді түзетуге болатын оптикалық ойыншықтардағы фокустаудың орнықтылығы	Фокустауды өз бетінше өзгертуге жол берілмейді
	1.3. Көруді түзетуге болмайтын оптикалық ойыншықтарда қаралатын заттан көзге дейінгі арақашықтық	250 мм-ден кем емес
	1.4. Көруді түзетуге болмайтын дүрбілердегі шынылардың жазықтығы мен параллельдігі ауытқуының болмауы	Ауытқуға жол берілмейді
	1.5. Жылжымалы оптикалық жүйесі бар стереоскоптағы орталық аралық арақашықтықтың өзгеруін қамтамасыз ететін құрылғының болуы	Құрылғының болуы міндетті
	1.6. Жылжымалы оптикалық жүйесі бар стереоскоптардағы орталық аралық арақашықтық	50 мм-ден 64 мм-ге дейін
	1.7. Жарықты шашыратып тарататын шынылардың өткізу коэффициенті	Кемінде 0,5
	1.8. Фильмоскоп шыныларының ұлғаю жиілігі	Кемінде 6 <sup>x</sup> рет
	1.9. Оптикалық ойыншықтарда қалқалағыштардың болуы	Қалқалағыштың көзге қараған жағы қараңғы және күнгірт болуы қажет
	1.10. Қалқалағыштан көзге дейінгі арақашықтық	Кемінде 15 мм және 30 мм



<p>2. Үстел үстіне қойып ойнауға арналған баспалық ойыншықтар</p>	<p>2.1. Баспаның сапасы</p>	<p>Ойындардың суреттері анық болуы тиіс. Үстел үстіне қойып ойнауға арналған ойыншықтардағы мәтіндер бөлігін бір мезгілде оқылатын мәтін мен оқылатын жердің көлеміне қатысты қаріптік безендіру өлшемі 1 қосымшаның 6-бөлігінің 6.9-6.14-кестелерінде белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Мәтін түрлі-түсті, күлгін, көп түсті иллюстрацияларда басылған жағдайда фонның оптикалық қалыңдығы 1 қосымшаның 6-бөлігінің 6.2.2-тармағына сәйкес болуы қажет (немесе кемінде 0,3 болуы қажет)</p>
---	-----------------------------	--

#### 14-кесте

Ойыншықтардың түрлері және арналған жас ерекшеліктері	Қауіпсіздік көрсеткіштерінің атауы	Әсер етуінің қауіпсіз деңгейі
Импульстік шу шығаратын ойыншықтардан басқа балаларға арналған ойыншықтар*:		
3 жасқа дейін	Дыбыстың балама деңгейлері, дБ	60
3 жастан 6 жасқа дейін		65
6 жастан жоғары		70
ашық ауада ойнауға арналған ойыншықтар		75
Импульстік шу шығаратын ойыншықтар	Дыбыс деңгейінің ең жоғары мәні, дБ	95
<p><b>Е с к е р т п е :</b>  * спорттық жарыстарға арналған ойыншық-модельдерді, дыбысы реттелген музыкалық ойыншықтарды, үрмелі және дабылды дауыс шығаратын аспаптарды қоспағанда</p>		

## 4. Ойыншықтардың химиялық қауіпсіздігі талаптары

27. Денсаулыққа зиянды химиялық заттарды бөліп шығару 15, 16-кестелерде белгіленген нормалардан аспауы қажет. Бақылауға алынатын химиялық органикалық қосылыстардың (заттардың) тізбесі ойыншықтар материалдарының химиялық құрамына байланысты белгіленеді.

Сулы ортадағы ойыншықтардың уыттылығының индексі (сүзіп тазартылған су) 70 %-120 %, ауа ортасында 80 %-120 % болуы қажет.

28. Шылдырлауықтардың бетін бояуға және жазу жазуға болмайды.

29. Үстел үстіне қойып ойналатын баспа ойындарындағы қағазға және картонға бояулардың сіңуіне жол берілмейді.

30. Ойыншықтардың көрнекі әшекейленген немесе қорғайтын жабындылары сілекейдің, тердің және ылғалға төзімді болуы керек. Балалардың аузымен жанасатын ойыншықтардың (ысқырғыш, сырнай және де басқа өнімдер) бетін бояуға жол берілмейді.

15-кесте

Материалдардың атауы	Анықталған зиянды заттардың атауы	Сулы ортада	Ауа қабатында
		Нормативі мг/дм <sup>3</sup> , кемінде	Нормативі мг/м <sup>3</sup> , кемінде
1	2	3	4
Акрилонитрилбут адиен-стиролды Пластиктер (АБС-пластиктер)	а-метилстирол	0,1	0,04
	Акрилонитрил	0,02	0,03
	Бензальдегид	0,003	0,04
	Бензол	0,01	0,1
	к с и л о л д а р (изомерлер қоспасы)	0,05	0,2
	Стирол	0,01	0,002
	Толуол	0,5	0,6
	Этилбензол	0,01	0,02
Полистирол және стирол сополимерлері	Акрилонитрил	0,02	0,03
	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35
	Бензальдегид	0,003	0,04
	Бензол	0,01	0,1
	Бутадиен	0,050	1,0
	к с и л о л д а р (изомерлер қоспасы)	0,05	0,2
	к у м о л (изопропилбензол)	0,1	0,014
	Метилметакрилат	0,25	0,01
	бутил спирті	0,5	0,1

	метил спирті	0,2	0,5
	Стирол	0,01	0,002
	Толуол	0,5	0,6
	Формальдегид	0,1	0,003
	Этилбензол	0,01	0,02
Полиолефиндер негізінде материалдар	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35
	Гексан	0,1	-
	Гексен	-	0,085
	Гептен	-	0,065
	изопропил спирті	0,1	0,6
	бутил спирті	0,5	0,1
	изобутил спирті	0,5	0,1
	метил спирті	0,2	0,5
	пропил спирті	0,1	0,3
	Формальдегид	0,1	0,003
Этилацетат	0,1	0,1	
Винилацетат негізінде полимерлер	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Винилацетат	0,2	0,15
	Гексан	0,1	-
	Гептан	0,1	-
	Формальдегид	0,1	0,003
Поливинилхлоридтер	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35
	Бензол	0,01	0,1
	Винилхлорид	0,01	0,01
	Дибутилфталат	р ұ к с а т етілмейді	р ұ к с а т етілмейді
	диметилтерефталат	1,5	0,05
	Диметилфталат	0,3	0,007
	Диоктилфталат	2,0	0,02
	Диэтилфталат	3,0	0,01

	бутил спирті	0,5	0,1
	изобутил спирті	0,5	0,1
	изопропил спирті	0,1	0,6
	метил спирті	0,2	0,5
	пропил спирті	0,1	0,3
	Толуол	0,5	0,6
	Фенол	0,05	0,003
	Мырыш	1,0	-
	Қалайы	2,0	-
Полиуретандар	ацетальдегид	0,2	0,01
	ацетон	0,1	0,35
	бензол	0,01	0,1
	бутилацетат	0,1	0,1
	изопропил спирті	0,1	0,6
	метил спирті	0,2	0,5
	пропил спирті	0,1	0,3
	Толуол	0,5	0,6
	Формальдегид	0,1	0,003
	Этилацетат	0,1	0,1
	Этиленгликоль	1,0	1,0
Полиамидтер	Бензол	0,01	0,1
	Гексаметилендиамин	0,01	0,001
	Е-капролактам	0,5	0,06
	метил спирті	0,2	0,5
	Фенол	0,05	0,003
Полиакрилат	Акрилонитрил	0,02	0,03
	Гексан	0,01	0,0075
	гептан	0,1	-
	Метиметакрил	0,25	0,01
	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35

Полиэфирлер негізінде материалдар	Метилацетат	0,1	0,07
	метил спирті	0,2	0,5
	пропил спирті	0,1	0,3
	Фенол	0,05	0,003
	Формальдегид	0,1	0,003
Полиэтилентер эф-талат (ПЭТФ) және терефталді қышқыл негізінде сополимерлер	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Ацетон	0,1	0,35
	Диметилтерефталат	1,5	0,05
	бутил спирті	0,5	0,1
	изобутил спирті	0,5	0,1
	метил спирті	0,2	0,5
	Формальдегид	0,1	0,003
	Этиленгликоль	1,0	1,0
Поликарбонат	Дифенилолпропан	0,01	0,04
	Метиленхлорид	7,5	-
	Фенол	0,05	0,003
	Хлорбензол	0,02	0,1
Фенопластер және амиоластер	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Фенол	0,05	0,003
	Формальдегид	0,1	0,003
Эпоксидтік смола негізінде полимерлік материалдар	Ацетальдегид	0,2	0,01
	Дифенилолпропан	0,01	0,04
	Фенол	0,05	0,003
	Формальдегид	0,1	0,003
	Эпихлоргидрин	0,1	0,2
Парафиндер және балауыздар	ацетальдегид	0,2	0,01
	ацетон	0,1	0,35
	бенз(а)пирен	рұқсат етілмейді	
	Гексан	0,1	-
	Гептан	0,1	-
	бутил спирті	0,5	0,1

	метил спирті	0,2	0,5
	Толуол	0,5	0,6
	Формальдегид	0,1	0,003
Резина-латекстік композициялар	агидол 2	2,0	-
	агидол 40	1,0	-
	Акрилонитрил	0,02	0,03
	Альтакс	0,4	-
	Ацетофенон	0,1	0,003
	бенз(а)пирен	рұқсат етілмейді	
	вулцаит (мырыш этилфенилдитиокарбамат)	1,0	-
	мырыштың диметиддитиокарбаматы (цимат)	0,6	-
	мырыштың диэтилдитиокарбаматы (этилцимат)	0,5	-
	Диметилфталат	0,3	0,007
	Дибутилфталат	0,2	0,05
	Диоктилфталат	2,0	0,02
Резина-латекстік композициялар	Диэтилфталат	3,0	0,01
	диметилтерефталат	1,5	0,05
	Дифенилгуанидин	0,5	-
	изопрен (2-метилбутадиен-1,3)	0,01	0,5
	Каптакс (2 меркаптобензтиазол)	0,4	-
	стирол (винилбензол)	0,01	0,002
	сульфенамид Ц (циклогексил-2-бензтиазолсульфенамид)	0,4	-
	тиурам Д (тетраметилтиурам дисульфид)	0,5	-
	тиурам Е		-
	(тетраэтилтиурам дисульфид)	0,5	-

	мырыш	1,0	-
Силикоңдар	ацетальдегид	0,2	0,01
	бензол	0,01	0,1
	бутил спирті	0,5	0,1
	метил спирті	0,2	0,5
	фенол	0,05	0,003
	триметилсиланол	рұқсат етілмейді	
	формальдегид	0,1	0,003
	Қағаз, картон	ацетальдегид	0,2
ацетон		0,1	0,35
бензол		0,01	0,1
бутилацетат		0,1	0,1
к с и л о л д а р (изомерлер қоспасы)		0,05	0,2
бутил спирті		0,5	0,1
изобутил спирті		0,5	0,1
метил спирті		0,2	0,5
изопропил спирті		0,1	0,6
толуол		0,5	0,6
формальдегид		0,1	0,003
этилацетат		0,1	0,1
мырыш		1,0	-
Сүрек		ацетальдегид	0,2
	бутил спирті	0,5	0,1
	изобутил спирті	0,5	0,1
	метил спирті	0,2	0,5
	изопропил спирті	0,1	0,6
	фенол	0,05	0,003
	формальдегид	0,1	0,003
Керамика, шыны	алюминий	0,5	-
	бор	0,5	-
	мырыш	1,0	-
	титан	0,1	-
	акрилонитрил	0,02	0,03

Үлбір және тоқыма	ацетон	0,1	0,35
	бензол	0,01	0,1
	винилацетат	0,2	0,15
	метил спирті	0,2	0,5
	толуол	0,5	0,6
	фенол	0,05	0,003
	формальдегид	50 мкг/г	0,003
Б о я у л а р , қарындаштар, фломастерлер, ермек-саз және т.б.	гуашь, фенол	0,05	0,003

### 16-кесте

Материалдар- дың атауы	1 г материалдан бөлінетін элементтің ең көп саны мг.							
	сүр- ме	к ү - шән	б а - рий	кад- мий	хром	кор- ғасын	сынап	селен
Саусақтың көмегімен түр беру үшін істелінетін массалар мен жағылатын бояулардан б а с қ а материалдар	60	25	1000	75	60	90	60	500
Саусақтың көмегімен түр беру үшін істелетін массалар мен бояулар	60	25	250	50	25	90	25	500

31. Ойыншықтар мен олардың бөлшектерінде, сондай-ақ олардың бөлшек сауда үшін салынатын орамасында буынып қалу қатері барынша аз болуға тиіс.

32. Ойыншықтар баланы:

- 1) агрессиялық іс-әрекеттерге;
- 2) қатыгездік танытуға;
- 3) өнегесіз іс-әрекеттер мен зорлық-зомбылыққа;
- 4) баланың жас ерекшелігі құзыретінің аясынан шығатын сексуалдық проблемаларға жағымсыз қызығушылыққа;
- 5) балалар мен ересектердің нәсілдік ерекшеліктеріне және денесінің кемшіліктеріне менсінбей және теріс қарауға итермелемеуге тиіс.

33. Осы Техникалық регламенттің 26-тармағының міндетті талаптарына қосымша ойыншықтарды таңбалау, ойыншық ұсынылатын баланың жасы



34. Ойыншықтың түріне байланысты қосымша ақпаратта мыналар қамтылуы мүмкін: пайдалану қауіпсіздігі үшін ескерту ақпаратын қамтитын ойыншықты құрастыру, пайдалану және күту жөніндегі нұсқамасы; баланың өзіндегі салмағын көтеретін ойыншықтар үшін - ойыншық жүктемесі (баланың салмағы) үшін шекті жол берілуі. Мынадай ескертетін жазбалар пайдалану ұсынылады:

жасы 3 жасқа дейінгі балалар үшін қауіп тудыратын ойыншықтар үшін - "3 жасқа дейінгі балаларға ұсынылмайды" немесе "36 айлық жастан кіші балаларға арналмаған" ;

балалар үшін қауіп тудыратын атқарымдық мақсаттағы ойыншықтар үшін - "Назар аударыңыз! Ересектердің тікелей қадағалауымен ғана пайдалану" немесе "Назар аударыңыз" ;

қорғау құралдарын имитациялайтын ойыншықтар үшін - "Назар аударыңыз! Жазатайым жағдайлар кезінде қорғауды қамтамасыз етпейді" немесе "ультракүлгін сәулелерден қорғауды қамтамасыз етпейді";

ұшатын ойыншықтар үшін - "Назар аударыңыз! Электр беру желілеріне жақын пайдалануға болмайды" ;

роликті конькилер, роликті тақтайшалар үшін - "Назар аударыңыз! Пайдалану кезінде қорғану жарақтарын кию қажет!" немесе "Назар аударыңыз! Қорғану керек-жарағын пайдалану қажет";

суда ойнауға арналған ойыншықтар үшін - "Назар аударыңыз! Таяз суға және ересектердің қадағалауы үшін ойындарға арналған";

пистондармен ататын ойыншықтар үшін - "Назар аударыңыз! Көзге немесе құлаққа атуға болмайды! Тапаншаны қалтада қорапсыз алып жүруге болмайды!";

бесікте, бала керуетінде немесе арбада пайдаланылатын ойыншықтар үшін - "Абайлаңыз! Баланы шатастырмау үшін бала қолымен және тізесімен көтерілген кезде ойыншықты шешіңіз!";

сұйық толтырылған тістердің жарып шығуына арналған доңғалақтар үшін - "тек үй мұздатқышында сақтау керек!" Тоңазытқыш камераларына салуға болмайды .

"Осторожно! Огнеопасно!" - для маскарадных костюмов и игрушек, которые могут вместить ребенка, имеющих при горении скорость распространения пламени 10 - 30 мм / с .

Ескерту. Соңғы абзацтың қазақ тіліндегі мәтіні берілмегендіктен орыс тіліндегі мәтіні қойылды .

35. (35-тармақ - алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.01.16. N 13 Қаулысымен).

"Балаларға арналған өнімдер мен бұйымдар қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентіне 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.16. N 13 Қаулысымен.

**Тоқыма материалдардан, теріден, үлбірден жасалған киімнің тігін бұйымдарының; трикотаж бұйымдарының; дайын бөлек тоқыма бұйымдары өнімдерінің тізбесі және оның қауіпсіздік талаптары 1. Өнімдердің тізбесі**

1. Осы талап: киімдерге және тоқыма материалдарынан, теріден, үлбірден; трикотаж бұйымдарынан; дайын бөлек тігін бұйымдарынан жасалған киімдерге және тігін бұйымдарына қолданылады. Өнімдер тобының, өнімдер сипатының тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Өнімдер тобының атауы	Бұйымдардың сипаты. СЭҚ ТН бойынша коды
1	2
Тоқыма материалдарынан, былғарыдан жасалған тігін бұйымдары, киімдер: түрлі астары бар сыртқы пальтолық ассортиментті киім костюм бұйымдары көйлек бұйымдары жейделер ішкі киім бұйымдары тігін бұйымдары (көрпелер, төсек-орын керек-жарақтары, бас киімдер және басқалар)	Пальто, қысқа пальто, плащтар, костюмдер, комбинезондар, курткалар, пиджактар, жакеттер, желеткелер, шалбарлар, көйлек, сарафандар, әйел жейделері, жейделері, белдемшелер, шолақ шалбарлар, жүзу бұйымдары, іш киімдерді (іш киім, пижамалар, төсек жабдықтары, корсеттік бұйымдар), иткөйлектер, жөргектер, кофталар, чепчиктер, бас киімдер, төсектер, жастықтар, төсек-орын керек-жарақтары және т.б. 85 1000, 85 2000, 85 3000, 85 4000, 85 6000 92 1893
Үлбірден жасалған киімдер: киімдер, соның ішінде жаңа туған нәрестелерге арналған конверттер бас киімдер жағалар, манжеттер, әрлеуіштер биялайлар, қолғаптар үлбірден жасалған басқа да бұйымдар, соның ішінде носкилер, шұлықтар	Пальто, қысқа пальто, костюмдер, курткалар, пиджактар, жакеттер, желеткелер, жатын қаптар, жаңа туған нәрестелерге арналған конверттер, носкилер, шұлықтар, бас киімдер және т.б. 89 2000, 89 3100, 89 4000, 89 5100, 89 6000

Трикотаж бұйымдары: іш-киім, шомылатын киім, сыртқы киім, шұлық-ұйық, биялайлық, бас киімдер, көйлек-шарф бұйымдары	Пальто, жакеттер, жемпірлер, костюмдер, комбинезондар, свитерлер, курткалар, шалбарлар, рейтуздер, шолақ шалбарлар, көйлектер, юбкалар, жинақтар, әйел жейделері, жейделер, жилеттер, пижамалар, кальсондар, панталондар, фуфайкалар, комбинациялар, жүзу бұйымдары, ползункилер, распашонкалар, кофтадар, трусилер, майкалар, колготкилер, биялайлар, қолғаптар, орамалдар, шарфтар, бас киімдер және басқалар. 84 1000, 84 2000, 84 3000 84 4000, 84 5000, 84 9000
Дайын бөлек тоқыма бұйымдары	Көрпе, сүлгі және т.б. 83 1500, 83 1620, 83 1700, 83 1910, 83 5800, 83 5900, 83 7918, 83 7948, 83 7968, 83 8900

2. Біртектес топтарды қалыптастыру және өнімдерді сәйкестендіру: СЭҚ ТН кодымен өнім атауына, шикізат құрамына, пайдаланушының жас белгісіне сәйкес келтіруге әкеледі.

3. Өнімнің биологиялық және химиялық қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштер пайдаланушының жасына және киімнің атқарымдық мақсатына байланысты белгіленді. Киім атқарымдық мақсатына байланысты: бірінші қатардағы киім, екінші қатардағы және үшінші қатардағы киімдер болып бөлінеді.

4. Бірінші қатардағы киімге байланысы тікелей былғары қатыстырылып пайдаланатын бұйымдар жатқызылады. Бұл топқа бұйымның мынадай түрлері жатады: іш киім және төсек жарақтары; корсеттік, жүзу бұйымдары; бас киімдер (жаздық); шұлық-ұйық бұйымдары; қол орамалдар мен орамалдар және т.б.

Екінші қатардағы киімге баланың денесіне байланысы шектеулі бұйымдар жатқызылады. Бұл топқа көйлек, жейде, сыртқы жейде, шалбар, юбка, көйлек-костюм, свитер, жемпір және осыған ұқсас бұйымдар жатқызылады.

Үшінші қатардағы киімге пальто, қысқа пальто, куртка, плащ, костюм (астары бар), басқа да осыған ұқсас бұйымдар.

5. Пайдаланушыға арналған ақпарат:

бұйымның сыртқы және астарындағы (ұсынылады) материалында табиғи және химиялық шикізаттың (пайыздық құрамы) салмақтық үлесі мен түрі. Шикізаттың нақты мөндерінен ауытқуы және пайыздық құрамы 5 %-дан аспауы тиіс. Үлбір бұйымдары үшін: үлбірдің түрі, өңдеу түрі (боялған немесе боялмаған) көрсетіледі;

бұйымның мөлшері Қазақстан Республикасындағы қабылданған үлгі

мөлшерлік шәкілге сәйкес;

бұйымдар, материалдар үшін күтіп-баптау бойынша символдарға;

Пайдалану немесе қолдану (қажет болғанда) процесінде бұйымды күту ерекшелігі бойынша нұсқамасы. Жаңа туған нәрестелерге арналған іш-киім бұйымдары үшін "Алдын ала жуу міндетті" деп көрсетіле отырып т о л ы қ т ы р ы л у ы т и і с .

6. Тоқыма материалдарынан, трикотаж бұйымдарынан жасалған киімдер, тігін бұйымдары биологиялық қауіпсіздікті сипаттайтын көрсеткіштері бойынша 2, 3-кестеде көрсетілген нормаларға сәйкес болуы тиіс.

2-кесте

Үлгілік фигуралардың мөлшерлер а у қ ы м ы : бойы/кеуде көлемі, см, (жас топтары, пайдаланушының жасы)	Су жұтқыштығы, кемінде %	А у а өткізгіштігі, кемінде $\text{дм}^3/\text{м}^2\text{с}$	Бос формаль-мальдегидтің салмақтық үлесі кемінде мкг/г
1	2	3	4
1. Іш киім және төсек жарақтары; корсеттік, жүзу бұйымдары; бас киімдер (жаздық), жүзу киімдері <sup>1)</sup> , шұлық-ұйық <sup>2)</sup> бұйымдары,			
62-74/40-48 (1 жасқа дейін)	14	1 5 0 (фланелден, бумазиден жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	рұқсат етілмейді
74-98/48-60 (бөбектер, 1 жастан 3 жасқа дейін)	9	1 5 0 (фланелден, бумазиден жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	20
98-122/52-60 (мектепке дейінгі жас топтар, 3 жастан 6 жас 11 айға дейінгі)	9	1 0 0 (фланелден, бумазиден жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	75
122-176/60-84 (мектеп жасындағы)	7	1 0 0 (фланелден, бумазиден жасалған)	75

топтар, 7 жастан 14 жасқа дейінгі)		бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	
158-194/88-104 (жасөспірімдер жас тобы 14 жастан 18 жасқа дейінгі)	2	(фланелден, бумазиден жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	1 0 0 75
2. Екінші қатардағы киімдер, биялайлар <sup>2)</sup> , қолғаптар <sup>2)</sup> , бас киімдер <sup>2)</sup>			
62-74/40-48 (1 жасқа дейінгі)	10	(фланелден, бумазиден, джинсыдан, ПУ жібі бар материалдардан жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	1 0 0 20
74-98/48-60 (бөбектер 1 жастан 3 жасқа дейінгі)	8	(фланелден, бумазиден, джинсыдан, ПУ жібі бар материалдардан жасалған бұйымдар үшін кемінде 70: рұқсат етіледі)	1 0 0 75
98-122/52-60 (мектепке дейінгі жас топтар, 3 жас- тан 6 жас 11 айға дейінгі)	6 (эпизодтық пайдалану бұйымдары үшін кемінде 4 рұқсат етіледі)	70	300
122-176/60-84 (мектеп жасын- дағы топтар, 7 жастан 14 жас- қа дейінгі)	4	70	300
158-194/88-104 (жасөспірімдер жас тобы 14 жастан 18 жасқа дейінгі)	2	7 0	300
3. Үшінші қатардағы киімдер			
62-98/40-60 (бөбектер, 1			

жастан 3 жасқа дейінгі)	-	70 (астар)	300
52-84/98-176 (мектепке дейінгі, мектеп жасындағы топтар 3 жастан 14 жасқа дейінгі)	-	70 (астар)	300
88-104/164-194 (жасөспірімдер жас тобы 14 жастан 18 жасқа дейінгі)	-	-	1 0 0 0 300 - трикотаж полотендер үшін
<b>4. Стеган көрпе, жастықтар, төсек керек-жарақтары, шарфтар</b>			
Балалар көрпесі	4 (астар)	70 (астар)	75 (астар)
Балалар жастығы	-	-	75
Төсек керек-жарақтары соның ішінде балалар керуетіне арналған (балдахиндер, білікшелер және т.б.)	2 (пайдаланушының терісіне тимейтін бұйымдар үшін)	70	75
Балалар шарфы	-	-	300
<b>5. Дайын бөлек тоқыма бұйымдары (сүлгі, көрпе және т.б.)</b>			
Балалар сүлгісі	Су сіңіргіштігі 10 минутта 300 % кем емес	-	75
Балалар көрпесі	-	70	75

### **Е с к е р т п е :**

1) жүзу киімдерінің су сіңіргіштігі; шұлық-ұйық бұйымдары ауа өткізгіштігі анықталмайды.

2) қолғаптарда, биялайларда, бас киімдерде - ылғал жұтқыштығы, ауа өткізгіштігі анықталмайды.

7. Жаңа туған нәрестелерге арналған іш-киімдер табиғи шикізаттан (мақта, зығыр, жүн) дайындалуы тиіс. Жаңа туған балаларға арналған іш-киімдердің қосылған тігісі сыртынан болуы керек. Шала туған балаларға арналған бұйымдардың конструкциясында баланың басы мен денесі түймелерге, кнопкаларға көрсетілген бөлшектерге жанасуы мүмкін жерлерде тігістері мен қиықтары болмауы керек.

Бала денесімен жанаспайтын жерлерде химиялық жіптермен тігістерге арналған талшықтарды қолдануға рұқсат етіледі.

Аз уақытқа арналған (кемінде екі сағат) бұйымдарда химиялық материалдардан (шілтерлер, тігіс, кестелер, жапсырмалар) әрлеуге рұқсат етіледі.

Әрлеу баланың терісіне тікелей жанаспауы тиіс.

8. Үшінші қатардағы киімді қолданған кезде астарсыз балалар бұйымдарындағы ауа өткізгіштігі үстінен  $10 \text{ дм}^3 / \text{м}^2 \text{ с}$  үстіңгі материалдарда ауа алмасуды қамтамасыз ету үшін құрамды элементтер қарастырылуы тиіс.

9. Бұйымдар боялуының тұрақтылығы 3-кестеде көрсетілген нормадан кем болмауы керек.

3-кесте

Өнімнің атауы	Әсер ету түрі	Боялуды өзгертетін балл тұрақтылығы	Ақ материалды кем боямайтын
1	2	3	4
Киім, тігін бұйымдары, материалы:			
іш-киім, жейде, бас киімдер (жаздық),	Жуу,	3-4	3-4
	жасанды "гер",	3-4	3-4
	Құрғақ ысқылау	-	3-4
астар екінші қатардағы киімдерге арналған көйлектік материалдар	Жуу,	3	3
	жасанды "гер",	3	3
	құрғақ ысқылау	-	3
үшінші қатардағы киімдерге арналған сыртқы киім, тігін бұйымдары	Жуу (тазалау),	4	3-4
	Құрғақ ысқылау,	-	3-4
	дистилденген су	4	3-4
Трикотаж:			
іш киім,	Жуу,	4	3
	жасанды "гер",	4	3
	Құрғақ ысқылау	-	3
сыртқы,	Жуу,	3	3
	жасанды "гер",	3	3
	ысқылау,	-	3
	дистилденген су	3	3
шұлық-ұйық, қолғап, шарфтар, шапкалар және т.б.	Жуу,	3-4	-
	жасанды "гер",	3	3
	Құрғақ ысқылау	-	3
жүзу киімдері және ұқсас бұйымдар	Жуу,	4	3
	жасанды "гер",	4	3
	теңіз суы	4	3
Тоқыма көрпелер, орамалдар, сүлгілер және басқа да бұйымдар	Құрғақ ысқылау	-	3
	Құрғақ ысқылау,	-	3
	Жуу	4	4

10. "Балалар" деген таңбамен мақсатты көрсетіліммен нарықта айналымға келіп түскен тоқыма материалдар қауіпсіздігі бойынша материалдың мақсаты мен түріне байланысты 2, 3, 6, 7-кестенің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

## 2. Былғарыдан жасалған киім мен бұйымға қойылатын талаптар

11. Балаларға арналған өнімдерді жасау үшін былғарының қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштердің номенклатурасы мен нормасы 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Бұйымның атауы	Қасиеттер көрсеткішінің атауы	Көрсеткіштің нормаланатын мәні
Сыртқы киім, бас киім, қолғап, биялай	Бояудың құрғақ ысқылауға тұрақтылығы, балл	кемінде 3
	Формальдегидтің салмақ үлесі, мкг/г	артық емес 20
	Үлбірдегі су сіңіретін хромның салмақ үлесі (YI), мг/г	рұқсат етілмейді

## 3. Үлбірден жасалған киім мен бұйымға қойылатын талаптар

12. Үлбірден жасалған киім мен бұйымға қойылатын қауіпсіздік көрсеткіштерінің номенклатурасы мен нормасы 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Үлгілік фигураның мөлшерлер: кеуденің айналымы/бойы, см, (тұтынушының жасы)	Қасиеттер көрсеткішінің атауы	Көрсеткіштің нормаланатын мәні
1. Сыртқы киім, конвертерлер, бас киімдер, қолғаптар, биялайлар және басқа да бұйымдар	Бояудың құрғақ ысқылауға тұрақтылығы, балл түкті жамылғы былғары мата	кемінде 3 4
	Былғары матадағы және түкті жамылғыдағы бос формальдегидтің салмақ үлесі, мг/г	рұқсат етілмейді
	Былғары матадағы және түкті жамылғыдағы су	



4 0 / 6 4 (1 жасқа дейін)	сіңіретін хромның (ҮІ) салмақ үлесі, мг/г	р ұ қ с а т етілмейді
	Былғары матаның рН суды тартуы	кемінде 3,5
	Үлбірдің былғары матасын дәнекерлеу қысымы, °С	кемінде 50
	Ауа өткізгіштік (астарының), $\text{дм}^3/\text{м}^2\text{с}$	кемінде 70
	Бос формальдегидтің салмақ үлесі (астарының), мкг/г	75 артық емес
1 жастан асқан барлық жас тобындағы балаларға арналған бұйым	Бояудың құрғақ ысқылауға тұрақтылығы, балл түкті жамылғы былғары мата	к е м і н д е 4 кемінде 3
	Былғары матадағы және түкті жамылғыдағы бос формальдегидтің салмақ үлесі, мг/г	артық емес 20
	Былғары матадағы және түкті жамылғыдағы су сіңіретін хромның (ҮІ) салмақ үлесі, мг/г	артық емес 0,003
	Былғары матаның рН суды тартуы	кемінде 3,5
	Үлбірдің былғары матасын дәнекерлеу қысымы, °С	кемінде 50
	Ауа өткізгіштік (астарының), $\text{дм}^3/\text{м}^2\text{с}$	кемінде 70
	Бос формальдегидтің салмақ үлесі (астарының), мкг/г	артық емес 300

13. Тоқыма материалдардан жасалған киімдерден зиянды химиялық заттардың бөлінуі 6-кестеде жазылған нормалардан аспауы тиіс. Бақыланатын химиялық заттардың тізбесін материалдың химиялық құрамына және өнімнің түріне байланысты анықтайды: бірінші және екінші қабаттағы бұйымдарда - су ортасында, үшінші қабаттағы бұйымдарда (жаңа туған және 1 жасқа дейінгі балаларға арналған бұйымдардан басқа) - әуе ортасында. Жаңа туған және 1 жасқа дейінгі балаларға арналған үшінші қабаттағы бұйымдарда бақыланатын зиянды химиялық заттар су және әуе ортасында анықтайды. Су ортасындағы

